

КАЛЕНОВА С.А.
АЛИАСКАРОВ Г.С.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМІ

Монография



75. 81
KS1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«ТҰРАН» УНИВЕРСИТЕТИ

КАЛЕНОВА С.А.
АЛИАСКАРОВ Г.С.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМІ



Алматы, 2016

ӘОЖ 379.8 (035.3)

К 15

«Тұран» Университетінің Ғылыми Қеңесінде баспаға ұсынылды
(№1 хаттама көшірмесі 27 қазан 2016 жыл)

Пікір беруші:

Благовещенский В.П., г.ф.д, профессор (ҚР БГМ география институтының табиғат қауіптілігі зертханасының меңгерушісі)

Актымбаева Б.И., г.ф.к., доцент «Нархоз» Университеті, «Туризм және сервис» кафедрасы

Шайкенова Р.Р. Қазакстан Туристік Ассоциациясының директоры

Ерубаева Г.К., б.ф.к., кафедра менгерушісі «Тұран» Университеті

К 15 С Каленова С.А., Алиаскаров Г.С., Қазақстанның экологиялық туризмі. Монография – Алматы: «Экономика», баспасы 2016. – 98 б.


ISBN 978-601-214-295-2

Монографияда Қазақстан Республикасындағы экологиялық туризм сұрақтары, экологиялық туризмнің географиялық факторлары зерттелген, үлттық саябақтар, қорықтар және Қазақстан резервациясы қарастырылған.

Монография бакалавр, магистранттар, докторанттарға, ЖОО орны оқытушыларына, сонымен қатар экологиялық туризм аясындағы мәселелерге қызығатын оқырмандарға арналған.

ӘОЖ 379.8 (035.3)

ISBN 978-601-214-295-2



© С Каленова С.А., Алиаскаров Г.С., 2016

Мазмұны

KІРІСПЕ.....	4
1. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	7
1.1. Экологиялық туризм: анықтамасы, негізгі ұғымдары, терминологиясы	7
1.2. Экологиялық туризмге түрткі болған факторлар	12
1.3. Экологиялық туризмнің тарихы.....	14
1.4. Қазақстандағы экологиялық туризмнің негізгі түрлері	20
2. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ПАРКТЕРІ	25
2.1. Баянауыл ұлттық мемлекеттік табиғи паркі	26
2.2. Іле-Алатау ұлттық табиғи саябағы	29
2.3. Алтыннемел ұлттық табиғи саябағы	33
2.4. Қекшетау ұлттық табиғи паркі.....	37
2.5. Қарқаралы ұлттық табиғи паркі	39
2.6. Бурабай ұлттық паркі.....	43
2.7. Катонқарағай ұлттық табиғи паркі	46
2.8. Шарын ұлттық табиғи паркі.....	47
2.9. Сайрам-өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі.....	51
2.10. Көлсай ұлттық табиғи паркі	53
2.11. Бұйратай мемлекеттік ұлттық табиғи бағы	54
3. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОРЫҚТАРЫ.....	56
3.1. Ақсу-Жабагылы қорығы	56
3.2. Алматы қорығы	58
3.3. Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы.....	60
3.4. Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы	61
3.5. Қорғалжын қорығы	67
3.6. Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы	69
3.7. Наурызым қорығы.....	88
3.8. Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы	91
3.9. Қаратай қорығы	94
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	96

KIPICPE

XXI гасырда адам әрекетінің табигат пен күллі тіршілік атаяу иесіне деген әсері өзінің шегіне жеткендей. Толлассыз жауған жауын және оның су тасқыны әсері, сонымен қатар сел қошкіндері, техногенді жер сілкіну мен күн райы мен климаттың тұрақсызы болуы бұл кейінгі уақытта жиілінің және күтпеген уақытта пайда болатын үрдіске айналған. Ал алеуметтік тұргыда бұның салдары тіршілік атаяуның саулығына тікелей және балама тұргыда өзінің ықпалымен әсер етуде. Оның бір қатары – таза ауыз су тұтыну мәселелері, сапалы ауыл шаруашылық тاماқ өнімдерін өндіру, қышқыл жауыншашиңдардың пайда болуы, таза ауа жұту және басқа да өзекті суралтар. Бұның бәрі адам деңсаулығы мен жалпы тіршілік атаяу иесінің өмір сүруі мен оның өміршеш болуына ой тастамай қоймайды.

XX гасырдың аяғында барлық іргелі ғылымдарда экологиялану процесsei жүре бастады. Яғни бұл ғылымдар экологиямен тығыз байланыс орнатып, түрлі деңгейдегі экологиялық ахуалдарды шешуде өз ғылымдагы білімдері мен жетістіктерді пайдаланып ерте ме, кеш не бірлесіп шешуге кіріспей кетті. Нәтижесінде, экологиялық геология, экологиялық химия, экологиялық физика, экологиялық медицина, экологиялық психология, экологиялық геоморфология, т.н.т. экологиялық мәдениет пен экологиялық тәртіп деген жаңа, кобінесе қолданбалы ғылымдар пайда бола бастады.

Туризм саласы да аталаған бұл тізімде тыс қалған жоқ. Сол XX гасырдың аяғында «экологиялық туризм» деген жаңа үгым пайда болды. Сонымен, «экологиялық» үгымы туризмге де келіп жетті. Біреулер үшін бұл әсерлі көрінер, ал басқа бірелер үшін – бұл табигаттың қарқынды тұргыда өзгеруіне байланысты, осы өмір сүріп жатқан уақыттың заман талабы. «Экологиялық» немесе «жасыл туризмнің» пайда болуы – бұл бүқаралтық туризмге альтернативті нұсқа ретінде қалыптасып келе жатқан туризм индустріясының жаңа түрі. Алайда, алғашқыда балама ретінде пайда болған туризмнің бұл түрі көп елдерде қарқынды дамып сол елдердің негізгі саласына айналып отыр.

Негізінде «экологиялық» үгымы қазақ даласында ешқашан жат болған емес. Қазақ әрқашан табигатқа өз қамқорлығымен, аса сүйсненшілгімен айрықша болінген. Ал, көшпелі мәдениет пен оның әсіресе, ауылдық жерлерде қалған сарындары – сол дәлелдің озі.

Мына бір ғана мысалда қазақ әркениеттің тұрмыстық өмірде табигатқа қозқарасының негізі жатыр. Мәселен, мына атадан қалған өситет: «тунде су алуға барма, суды күндіз әкеліп ал». Бұл өситеттің

астарында не жатыр? Түнде табиғат атаяның, яғни тіршілік иесінің барлығы үйқыга кетеді; суда, судағы тіршілікте, көк пен жерде, барлығы. Сондықтанды, оларды бей мезгіл мазалауга болмайды. Бұл табиғатқа, Жер-Анага деген аса құрмет. Немесе: «Бұлақ көрсөң көзін аши», «көк шөпті баспа», «бұтақты сыйырма», бұлар көбінесе коктемнің наурыз және кокек айларына қатысты айтылған, себебі Ұлыстың Ұлы Құніне дайындалу барысында ауыл тұргындары асарлатып ауылдың айналасын, яғни өзен-көлдердің жағасын тазартып, қырдағы тогайларды кеүіп немесе шіріп кеткен ағаш буталарынан тазартып, ондағы бітеліп кеткен бұлақтар мен қайнарларды ашип, жсан-жасағын тазалап отырған. Бұл тізімді одан бетер жалғастыра беруге әбден болады.

Тағыда біреуі және ең бастысы бұл көшпелі мәденитет. Мәселен, қазір белең алып кеткен, жер топырагының деградациясы үрдісі бұрын сонды қазақ даласын айналып откен. Себебі, көшпелі ұғымында жайлайу мен қыстау, одан бетер көктеу мен күзеу тұрақтары қалыптасқан. Яғни, мал торт мезгілде торт ірі колемдегі жайылымдарды (себебі бір жайлаудың колемінің озі ауқымды болған) айналып откен. Бұның озі торт жайылымның топырагы мен өсімдігінің, одан бетер, жер бедерінің нано-, мезо- және макро-формаларының, яғни пішіндерінің қалына келуіне және оған кететін энергияның аз жұмсалуына бірден-бір себеп. Ал, бұл оз кезегінде сол тоңіректің гидрогеологиялық жағдайының қалынты болуына, яғни жер асты суларының – бұлақ-қайнар көздерінің тұрақты дамуына нұксан келтірмеген. Тіпті бір жайлаудың озіне бірнеше жылдар откеннен кейін де келіп отырған. Ал оған екі-үш жыл салып келген жағдайда, ондағы топырақ жамылғысы мен өсімдіге жаңарып, табиғат өзінің қалына келіп отырған.

Міне, бұл аталаң откен мысалдар қазақ тұрмысы мен оркениеттің табиғатпен етене байланыста болғанының дәлелі. Яғни экоцентристік ұғымы (табиғатты пір тұту, өзіңнен бік көру) қазақ ушін жат болған емес, тіпті оның ең алғашқы көріністері қазақ даласында пайды болады десек те қателеспеспілі.

Алайда талай заман отті. Қазіргі тұста адамзаттың бойында экоцентристік қозқарас осы үақытқа дейін түрлі, әсіресе, XVIII, XIX және XX ғасырларда болып откен түрлі империялдық және коллониализм саясаттары салдарынан бірте-бірте жойылып келді. Патшалық империя мен одан кейінгі кеңестік «жылтыға ортақ» идеологияларының салдарынан XIX-XX ғасырлар аралығында қазақ даласында кең тараган экоцентристік, яғни адам мен табиғат арасындағы табиғи болып кеткен байланыстар түрлі экспансиялар арқылы түбекейлі жойыла бастады. Қазіргі Қазақстанның

экологиялық ахуалы – дәл сол саясаттардың салдары. Ол тек қана Араг төңізінің гана тағдыры емес, немесе атом мен водород бомбаларының жарылыс алаңына айналған Семей жерінің ахуалы гана емес, ол күллі қазақ даласындағы және оның тұрмыстық салтындағы экоцентристік көзқарасының XX ғасырдың 90 жылдарға дейін жойылып келуі.

Алайда, қазақтың тектілігінің арқасында, үлттың санасында, табиғатқа қатысты ататық өситеттер үрпақтан-үрпақта осы үақытқа дейін жетеп отырған. Ол қазақтың тұрмыстагы әр қадамының тазалық (яғни экологиялық) қагидаларына сүйенеуі. Өкініштісі, егемендік алған тұста, қазіргі еркіндік жағдайында, сол қагидалардың қарқынды тұрғыда көрініс алмауы. Айтып кеткендей қазақтың өмір-саитының өзі таза экологиялық қагидаларға сүйенген. Экологиялық туризм, осы тұрғыда, ұмыт қалған табиғат пен адамзат арасындағы байланыстарды орнатуда өзінің үлесін әбден қоса алады.

Аталған еңбекте негізінен Б.Ш. Нұсінбеков және F.C. Алиасқаровтың фотосуреттері қолданылды.

I. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1.1 Экологиялық туризм: анықтамасы, негізгі үғымдары, терминологиясы

Туризм сөзі француз тілінен аударғанда серуендеу, сапар шегу мағынасын білдіреді. Бұғандегі туризм – әлемдегі ұлкен бизнестің елеулі пайда әкелетін табыс көзіне айналған. Бұқіләлемдік Туристік Ұйымының бағалауы бойынша туризм саласының табысы жылына 1,5 триллион доллардан астам көрсеткішіне жетіп отыр. Осы қарқынды дамып келе жатқан туристік бизнес саласында кейінгі жылдары жеке дара бағыт ретінде экологиялық туризм айқындала түсті. Есесіне, бұқіл дүние жүзінің жетекші мамандары туризмнің бұл түрін келешегі зор және үздіксіз дамитын салалардың бірі ретінде танып отыр. Экологиялық туризм, негізінен алғанда, нақты Кения мен Коста-Рика елдерінде және сонымен қатар бірқатар Батыс Еуропа мен Оңтүстік Азия мемлекеттерінің басты пайда көзіне айналған. Халықаралық түрлі есептер бойынша, қарқынды әрі белсенді дамып келе жатқан экологиялық туризм әлем туризмінің 10-20% құрып отыр. Тіпті 2002 жылды Біріккен Ұлттар Ұйымы «Экологиялық туризм жылы» деп те атап үлгерді. Бұл, әрине, экологиялық туризмге берілген жоғары мәртебе, алайда, ең бастысы, бұл баға – оның тұрақты даму концепциясына негізделгенін айқын көрінісі.

Сонымен, туризм саласы – әлем экономикасының бір бөлігі. Алайда, туризм индустриясын табиғат кешенісіз елестету мүмкін емес. Яғни, бұл әлем экономикасының саласы өз мақсаттарын іске асыру үшін, негізінен табиғат кешендері мен табиғи-рекреациялық ресурстрын пайдаланады. Яғни, ғылыми ретінде қарастыратын болсақ, туризм саласы негізінен экономика және жаратылыстану (география, биология, климатология, геоморфология, геология және экология) ғылымдарымен тығыз байланысты және осы салалармен үштаса отырып дамиды. Мәселен, теңіз бен көл жағасындағы табиғи және жасанды жағажайлар, таудағы тау шаңғысына арналған спорт кешендері, тіпті ауасы шипа орман мен тау шатқалында орналасқан

Көкшетаудағы Бурабай мен Алма-Арасан шатқалындағы санаторий мен демалыс үйлер – барлығы, дерлік, табиғат кешендерін, атап айтсақ өзен, көл, теңіз, орман, таулар, топырақ, өсімдік жамылғысын өз мақсаттарына, яғни туристік-рекреациялық мақсаттарында пайдаланады. Табиғатты үнемсіз пайдалану жағдайында бұқаралық туризм көптеген экологиялық мәселелердің себебі де болып жатады. Мәселен, көптеген елдін жағажайлары адам танымастын өзгерген, ондағы теңіз жағасындағы туристерден қалған күлкөкис және соның салдарынан қалыптасқан жағымсыз иіс және т.б. Немесе, қала сыртындағы өзен-көлдердің, орман мен тоғайлардың демалушылардан қалған күлкөкыстармен ластануы және т.б. Тіпті барлық заң ережелерін сақтағаның өзінде, бұқаралық туризм қоршаған ортага, яғни экологияга, өзінің кері әсерін тигізбей қоймайды.

Аталған мәселелер, әсіресе XX ғасырдың аяғында туризм саласында жаңа экологиялық бағытының қалыптасуына түрткі болды.

Сонымен экологиялық туризмнің анықтамаларына келетін болсақ.

Экологиялық туризм – туризм индустріясы ішіндегі өзінің басты ресурсын – яғни нағыз табиғи ортасын – өзен-көлдерін, топырақ пен жер бедерін, өсімдік пен жан-жануарларын, табиғат ескерткіштерін және оларды сақтап қалуды қөздейтін жалғыз гана саласы.

Тұңғыш рет «экологиялық туризм», «экотуризм» терминін Батыс әлемінде мексикалық экономист әрі эколог ғалымы Эктор Себальос-Ласкурайн (*Hector Ceballos-Lascurain*) XX ғасырдың 80 жылдардың бірнеше жартысында конференциялардың бірінде ресми түрде қолданған.

Ғылыми академиялық ортада экологиялық туризмнің бірнеше анықтамалары қалыптасқан. Бұл жайт экологиялық туризмнің ғылым ушін жаңа сала екенін және оның әлі қалыптасып келе жатқаның дәлелі. Сол анықтамалардың бірнешеуіне тоқтала кетсек.

Экологиялық туризм – бірігей табиғи нысандары сақталған ластанбаған аудандарға саяхат.

Экологиялық туризм – бұл қоршаған табиғи ортаны зерттеуді негізге алатын және ондағы жағдайды одан әрі жақсартуға ат салысатын табиғи туризм. Экологиялық туризмнің негізінде қоршаған ортаны қорғау қағидасы жатыр. Осы түрғыда табиғат кешендеріне саяхат шектеулі адамдар санымен ғана жүзеге асырылады.

Халықаралық экотуризм ұйымының анықтамасы бойынша, «**экологиялық туризм** – бұл қоршаған ортаны сақтай отырып ондағы жергілікті халықтың әлауқатын көтеруге ат салысатын белгілі бір табиғи аймақтарға жауапкершілікпен жүргізілетін саяхат».

Жалпы айтқанда, **экологиялық туризм** урбанизацияланбаған және төмен дәрежеде антропогендік әсерге ұшыраған (ауылдық елді-мекендерге) табиғи жерлерге барумен байланысты мәдени-танымдық, ғылыми-танымдық және рекреациялық-сауықтыру саяхаты.

Экологиялық туризмнің басқа туризм салаларынан айырмашылығы – ол табиғатқа бағытталып, негізінен табиғи ресурстарды пайдаланады. Ол қоршаған ортага зиян келтірмейді, немесе нақтырақ айтқанда, мейлінше аз тигізеді, сол себепті, бұл экологиялық жағынан тұрақты даму қағидаларына сәйкес.

Экологиялық туризм – адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікке бағытталған соң экологиялық білімділікті немесе экологиялық мәдениетті қажет ететің саяхат немесе демалыс түрі.

Сонымен қатар, **экологиялық туризм** – жергілікті әлеуметтік-мәдени ортаның сақталуын қамтамасыз етеді.

Жалпы айтқанда, туризм индустриясы экономиканың 32 саласың қамтиды, әрине дамыған тұста. Яғни туризм саласы – бұл елдің, аймақтың және ауданың барлық инфрақұрлымын дамытып, сол өңірдің әлауқатын көтеретін бірігей сала. Мәселен, туризм дамыған өңірде – көлік, байланыс және телекоммуникация, құрылыш, қонақ үй, мейманхана, қызмет көрсету саласы және т.б. бір-бірімен тығыз байланысты көптеген салалар дами түсді. Ең бастысы – туризм жергілікті халықты жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді.

Осы түрғыдан алғанда, экологиялық туризм жалпы туризм индустриясынан тыс калып жатқан жоқ, себебі ол – оның бір

бөлігі. Туризмнің бұл түрі экономикаға жоғары деңгейде әсер ете отырып, өнірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Яғни, экологиялық туризм әлемде болып жатқан экологиялық мәселелерді шешуге ат салысып, табиғи кешендердің бір қалыптылығын сақтайды.

2006 жылдың 29 желтоқсанында № 231 Елбасы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында 2007-2011 жылдары туризмді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында экологиялық туризм республикамызды туризмді дамытудың басымды бағыттарының бірі ретінде танылды. Берілген бағыт бойынша алғашқы кезектегі міндеттер ретінде табиғатты, жергілікті мәдениетті қорғау және ұлттық дәстүрлер мен генетикалық қорларды сақтау бойынша шараларды ескеру есебімен экотуризмді дамыту бойынша ұлттық, аймақтық және жергілікті саясатты өндіру қарастырылды. Ол жергілікті халықпен, жеке меншік сектормен және мемлекеттік емес ұйымдармен серіктестікте қарастырылды. Алайда Қазақстанда саясаттың өзі де, сонымен қатар экотуризмді дамытудың бірыңғай ұйымдастыру тәсілдері әлі де болса қалыптаспаған. Практикада көбінесе экотуризмді туристердің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен ауылды аймақтарға бару мүмкіндітерінің кеңеюімен, мұндай туристердің ұлттық және халықаралық ағымының ұлғаюымен және туризмнің сәйкес инфракұрылымының жасалуымен байланыстырады. Алайда экотуризм – бұл көпшілікке арналған туризм емес, ол табиғи аймақтарда туристердің үлкен ағымын қолдауға бағытталмаған, керісінше, Қазақстанның табиғи байлықтарын сақтауга және жергілікті тұрғындарға туризмнің жузеге асырылуынан табыс әкелуге мүмкіндік беретін тәсілге балама әдіс болып табылады. Осыған орай туризмнің осы бағыты еліміздің экономикасы мен оның жекелеген аймақтарында жаңа мықты кластердің жасалуын көзdemейді. Ол, біріншіден, табиғи туризмді ұйымдастыру жолдарының өзгерісімен байланысады, яғни табиғи аймақтарға, оның ішінде ұлттық және аймақтық табиғи парктерге, табиғи қорықтар мен қорларға туристердің баруымен байланысты.

Туризмді дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға мемлекеттік бағдарламада экотуризм басым бағыттардың бірі ретінде

айқындалған болатын және оны дамыту жөнінде ұлттық, өнірлік және жергілікті саясатты әзірлеу көзделген.

Қазақстан Республикасында экологиялық туризмді дамыту қажеттілігі тек экономикалық фактормен – жаңа жұмыс орындарын ашу, шалғай өнірлердегі жергілікті қоғамдастықтарды дамытумен ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік тапсырыспен – халықтың денсаулық және бос уақытын пайдалану проблемасына тұтастай әрі жүйелі түрде мән берумен де түсіндірледі. Дүниежүзілік туристік үйім сарапшыларының деректері бойынша соңғы он жылда экологиялық туризм неғұрлым танымал және кез келген мемлекеттің тұрақты даму құралы болып табылады. Расында, экономиканың қарыштап дамуында туризмнің алар орны айрықша. Туристік әлеуетті зерттеу қорытындылары көрсеткендей, Қазақстанның экологиялық туризмін дамыту үшін үлкен мүмкіндіктері бар. Оның негізін Еуразия орталығындағы бірегей табиғи жағдайлар мен ландшафттар, көптеген табиғи, тарихи ескерткіштер құрайды. Тұтастай алғанда, Қазақстанның экологиялық туризмнің жағдайы тұрақталып келеді. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша, занды тұлға мәртебесіндегі ұлттық ерекше қорғалатын аумақтар 2010 жылы 491,6 мың туристке қызмет көрсеткен, туристік топтардың келуінен түсken кіріс 2011 жылы 12,1 млн. теңгені құраған.

Сонымен, экологиялық туризм – бұл Қазақстанның жалпы туризм саласындағы ойып алатында орны бар бірден-бір біргей сала, және оның өзінің объективті және субъективті себептері бар. Мәселен, Қазақстан сүйк мезгілді білмейтін, яғни қызыжазы жылы болып тұратын мемлекеттермен (Испания, Португалия, Канар аралдары, Үндістандағы Гоа аралдары, Малайзия, Филиппин, Мысыр, Біріккен Араб Әміршіліктерімен) бәсекеге түсіу мүмкін емес.

Бір ғана мысал, бұл елдер туристерге үздіксіз «теңіз – күн – құм» рахатын ұсына алады. Сол себебті, дүниенің осы бұрштарына жыл сайын, ай сайын, күн сайын мындаған туристер ағылады. Солтүстік белдеуде, нақтырақ айтқанда, сүйк арктикалық және ыстық тропикалық белдеулердің ортасында жатқан төрт жыл мезгілдерімен айқындалатын Қазақстанның

қоңыржай климаты туристерге ондай рахатты, әрине сыйлай алмайды. Есесіне, экологиялық туризммен және оның белсенді (тай, су) түрлерімен айналсатын туристер саны жыл сайын ылғауда. Олардың көздеген мақсаты бұзылмаған табиғатты, орманды, тауларды, өзен-көлдерді және шексіз даланы көріп тамашалау, ол жердің салт-дәстірі мен мәдениетімен танысу. Осы айтылғанның барлығы Қазақстан жерінде кең тараған.

Яғни, Қазақстанның жері мен табиғаты әлемге экологиялық туризммен және оның түрлерімен таныс, әрі қызық. Экологиялық туризм, және оның агротуризм түрі, климаты өзіміздің еліміздей қоңыржай салқын және қоңыржай жылы белдеулерінде орналасқан Норвегия, Швеция, Финляндия, Германия, Франция, Чехия, Ұлыбритания, Ирландия, Исландия, Канада, Жапония мемлекеттерінде XX-ші ғасырдың, 70-ші, әсіресе 80-90-ші жылдары қарқынды дамыған. Осы түрғыда, бұл елдердің жылдар бойы жиналған тәжерібесі бізге бағыт-бағдар бола алады. Және, осының негізінде экологиялық туризмнің қазақтың дәстірі мен салты, жер мен су, жер бедері мен климаты, ландшафтысы мен жалпы табиғатына орай қазақстандық моделі де қалыптасады.

1.2 Экологиялық туризмге тұрткі болған факторлар

Жалпы экологиялық туризм бұқаралық, яғни көпшілік, немесе жаппай туризмге балама түрі ретінде қалыптасқан. Себебі, ғаламдық экологиялық және қауыпсіздік мәселелермен қатар, бұқаралық туризм қоршаған ортага, яғни табиғат кешендері мен мәдени-тариҳи ескерткіштерге өз зиянын келтіре бастаған.

Мәселен, жыл сайын мындаған туристер табиғат аясында демалым мәдени-тариҳи ескерткіштерді көріп өтеді. Бұның өзі үздіксіз, ретімен ұйымдастырылмаған жағдайда, табиғат кешендері мен рекреациялық ресурстардың және мәдени-тариҳи ескерткіштердің тозуына бірден бір себеп.

Мысалы, толассыз ағылған туристер санының кесірінен жайқалып тұрған теңіз жағасындағы құмды жағажайлар түрлі қауіпті антропогенді үдерістерге айналып кетуі әбден мүмкін.

Яғни туризм қызыметінің дұрыс ұйымдастырылмаған жағдайында табиғи-рекреациялық ресурстардың құлдырап немесе тіпті жойлып кету мысалдарын да келтіруге болады.

Бұқаралық туризмнің табиғат пен мәдени-тарихи ескерткіштерге кері әсері Еуропада тіпті 70-ші жылдардан бастап, 80-да айқын біліне бастаган. Және де туризмнен зақымдалған жерлердің көлемі сол кездердің өзін де 60%-ға дейін жеткен.

Оның үстіне әлем шаруашылының жаһандалуы Жер геосферасында да кері өзгерістерді одан бетер күшайте түсті. Атап айтсақ:

- ғаламдық климаттың өзгеруі;
- топырақтардың құнарсыздануы мен деградациясы;
- экожүйелердің бұзылуы мен биоалуанның төмендеуі;
- су, топырақ және ауа ластануының күшейуі;
- адам әрекетімен жасалған табиғи апарттар (шөлдену, ормандардың қырлуы, өзен сүйн бөгөу, антропогендік техногенді сел мен опырылмалар);
- халық саның өсуі;
- азық-түлік қауыпсіздігі мен халықтың денсаулығына қауып-қатер төнү;
- қуат көзі болып табылатын табиғат ресурстары мен пайдалы қазбалардың шектеулігі;
- және жалпыға ортақ атом энергиясы мен қарусыздану мәселелердің өзектілігі.

1996 жылы Дүнижіzlіk Туристік Ұйымының шемберінде туризмнің XXI ғасырдағы тұрақты даму концепциясы жасақталды.

Ол келесі қағидаларға сүйенеді:

- саяхат пен туризм адамдардың табиғатпен үйлесімділікке жету жолында ат салысу керек;
- саяхат пен туризм экожүйелердің сақталуына, қоргауына және қалпына келуіне өзінің үлесін қосу керек;
- саяхат пен туризм өндіріс пен тұтынудың өмірге бейім моделдеріне ғана негізделу керек;
- туризм дамуында қоршаған ортаны қорғау негізгі бөлімін құрау керек;

- туризм дамуының мәселелері жергілікті органдар мен қызуғышылық танытқан азаматтардың қатысуымен шешілуі керек;
- мемлекеттер өзара туризм саласын айналып өтпейтін табиғи және техногенді апаттарды бір-біріне ескертіп отыру керек;
- туризм индустриясы қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық құқыққа негізделуі керек.

1996 жылы Дүнижіздік Туристік Ұйымымен жасақталған туризмнің XXI ғасырдағы тұрақты даму концепциясының бекіткен қағидалары бұқаралық туризмді де қоршаған орта мәселелерінен тыс дамымауына негіздейді.

Осы тұргыда, экологиялық туризм тұрақты даму концепциясы шеңберінде, XXI ғасырда туризмді дамытудың жаңа трансформацияланған моделі іспеттес және де соның өзіне айналмақ.

1.3 Экологиялық туризмнің тарихы

Алғаш рет «экологиялық туризм», «экотуризм» терминін Батыс әлемінде мексикалық экономист әрі эколог ғалымы Эктор Себальос-Ласкурайн (*Hector Ceballos-Lascurain*) XX ғасырдың 1983 жылы конференциялардың бірінде ресми турде қолданған. Сонымен, экологиялық туризм ұғымы заман талабына сәйкес, нақтырақ айтқанда адамзаттың жаһандық экологиялық мәселелерін шешу және тұрақты даму концепциясын іске асыру жолдарында дамып келеді. Осыған сәйкес, 2002 жылды Біріккен Ұлттар Ұйымы Бүкіл Әлемдік Экологиялық туризм жылы деп жариялады. Сонау, пайда болған сәттен бастап, экологиялық туризмге бет алған Австралия мен Швеция елдерінде экологиялық туризм туралы хартиялар пайда болды. Қазіргі уақытта экологиялық туризм әлемдік деңгейдегі туризмнің басқа түрлерінің ішінде елеулі үлесті алады (40-тан 60% дейін).

Экологиялық туризм термині XX ғасырдың 80 жылдардың бірнеші жартысында пайда болғанмен, оның алғашқы нышандары әр елдерде көптеп болмаса да, кездесіп жатады. Мәселен,

ертеректе Орталық Америкада орналасқан Коста-Рика елін алғаш конкистадорлар ашқанда оны «Бай жағалау» деп атаган болатын, яғни Коста-Рика – бай жағалау деген мағынаны білдіреді. Не себепті бай жағалау деп қойғаны бей мәлім? Себебі бұл мемлекетте еш бір құнды минералды шикізат пен пайдалы қазбалар да болған емес, немесі айтарлықтай көрші елдермен салыстыранда сирек кездесетін ауыл-шаруашылық дақылдары да болған жоқ, тіпті географиялық орналасу тұрғыдан алғанда тиімді геостратегиялық орны да болған емес, тіптен қауіпсіздік жағынан алғанда жеке әскері де болмаған.

Есесіне керемет жайқалып тұрған тропикалық нұрманы болған. Тіпті бұл орманның өзін де алар болсақ, ол көршілес жатқан елдерден еш айырмашылығымен айқын түспеген. Сол ағаштар, сол тропикалық пальмалар Коста-Рикамен іргелес жатқан мемлекеттерде дәл солай жайқалып жайнап өсіп тұрған. Алайда, бұл елдердің барлығы, дерлік, осы өнірге тән жайқалып өсіп тұрған бай тропикалық орман ағаштарын үздіксіз үнемсіз шауып, кесіп, және сатып пайдасын көре бастаған. Сол кездері «Бай Жағалау» тұрғындары бір шешімге келеді: «егер өзгелер орманды шауып кесіп жатса, біз керісінше оған балтаның ұшында тиғізбей оны сақтап қалайық. Есесіне, келешекте құллі адамзат біздін елге саяхаттап осы жайқалып өсіп тұрған керемет ормандарды көруге, демалуға келсін. Оның алып бигіне, тұмса табиғатына, ондағы түрлі өсімдіктер мен жан-жануарларын тамашалап, тамсана қарасын. Және де бұл кереметті бір көрген адам қайта-қайта осы табиғатқа оралғысы келіп тұрады. Ал біз біздің елге келушілерді қарсы алушан көт қаржы түрінде пайдаға кенелеміз. «Бай Жағалау» тұрғындары бастапқыда ұстанған өзінің қағидаларына қайши келмей, және оларды еш өзгертуші тап осылай істеуді жөн көреді». Бүгінде «Бай Жағалау», яғни Коста-Рика мемлекеті әсем табиғатының арқасында экотуризмді үлкен табыс көзін айналдырып отыр.

Сол уақыттан бері керемет жайқалған орманды көргісі келгендердің, яғни демалушылар мен саяхатшылардың саны толассыз. Және де ең алғашқы туристерден түскен бастапқы қаржыны «Бай Жағалау» тұрғындары басқа өндіріс салаларына емес, экотуризм инфрақұрылымның дамуына құйған. Мәселен,

отелдер мен мейманханалардың құрылышына, жолдар салуға және ел жастарын Америка Құрама Штаттарының беделді жоғарғы оқу орындарына оқытуға жаратқан. Сол уақыттан бері ондаған жылдар өтті. Коста-Риканың көршілес мемлекеттеріне келер болсақ әрқайсысы өз бетінше өмір сүріп жатыр, алайда Латын Американың ең табысты деген елдердің қаржылық және әлеуметтік жағдайы «Бай Жағалау» тұрғындарының деңгейіне بұғінде жетуі мүмкін болмай тұр.

Дәл осылай экологиялық туризмнің көшбасшысы – Коста-Риканың жаңа тарихын, осы елге барып-келушілер сипаттайты. Шағын ғана мемлекет табиғи байлықты жоймай және қоршаған ортаны құлдыраттпай табиғат құдіреттілігі мен әсемдігін өзінің негізгі басты табыс көзіне айналдырган, және соның арқасында ел тұрғындарының әлауқаты мен өмір сүру сапасын көтерген. Бұғінде «Бай Жағалаудың» жайқалып өскен ормандары Коста-Рика үкіметімен қоргалады. Сонымен катар, Коста-Рика халықтың жогары өмір сүру деңгейімен, Батыс Жартышардағы өмір сүру ұзақтылығымен және қылмыс деңгейінің төмендігімен танымал. Коста-Рика экономикасының жаңа даму тарихы – бұл экологиялық туризмнің дамуы тарихы.

Жалпы бұл елдің тарихынан қандай қорытынды шығарыға болады? Мәселең, сол уақыттарда Латын Американың көптеген елдері өздерінің табиғатын кесіп құртып жатқанда, Коста-Рика мемлекеті табиғатқа қарсы балтаның ұшында тигізбей, табиғатты қорғау мақсатында неше түрлі ұтымды заңдар қабылдаған. Сол заңдардың нәтижесінде, қазіргі таңда, бұл мемлекет әсем табиғатының арқасында экологиялық туризмнен үлкен табыс түсіруде.

Қазақстанда орман алқаптары көбінесе елдің таулы аймақтары мен солтүстік бөлігінде орналасқан. Ал, оның ну орман алқабтары текқана Алтай тауларында ғана шоғырланған, содан соң Тянь-Шань мен Жетісу Алатаудың жекелеген биіктікте орналасқан орман ағаштары мен солтүстіктегі ормандыдалы зонасындағы орман-тогайлар. Қалған жерлерді дала зонасы мен шөл мен шөлейт аймақтары алып жатыр.

Жалпы ағаштың оның ішінде орманның адам және тіршілік атауы үшін атқаратын маңыздылығы биологиялық тұрғыдан

алғанда өте үлкен. Мәселен, Арап құмдарында, Бетпақдала мен Мойынқұм және т.б. шөл және шөлейт аймақтарда өсетін сексеуіл ағашын алсақ. Соңғы жылдары оны ауыл тұрғындары отынға және каладағы кәуап дайындастын түрлі мейрамханаларда тұтынып отыр. Осының салдарынан сол аймақтардағы техногенді апаттарға қосыла (Арап теңізінің тартылуы, мұнай-газ өндірісінің топырақ пен жер бедеріне кері әсер етуі және т.б.) табиғи-антропогенді үрдістер де белен алып жатыр. Маселен, сексеуілдердің жаппай шабылған жерлерде құмдардың тым тез, әрі шапашан жылжу динамикасы байқалады.

Кейнгі жылдары шөл даладағы құмдар еліміздің онтүстік-батыс аймақтарында орналасқан ауылдық елді-мекендерге жылжып толығымен басып те кетті. Бұл бір ғана құмды шөл даладағы сексеуілдің атқаратын экологиялық жұмысы – яғни ол, онын тамырлары құмдарды бекітіп, олардың жылжымауын қамтамассыз етіп отырады. Ал олардың бей мезгіл шабылуы құмдардың жылжыуна, әрі шөл далаға тән шаң-тозан борандарының шамадан тыс көбеуіне алып келеді.

Мәселен, бұрын соңды орталық Қазакстандағы Жезқазған мен Астана қалаларында шаң-тозан борандары байқалмаса, соңғы жылдары түсірлген әуе-ғарыш түсірілімдерде бұл үрдістің онтүстіктен солтүстікке қарай ығысқанын көріп отырмыз. Бұл әлемде болып жатқан ағаш пен орман-тоғайлардың қырлуымен белен алып жатқан планетамыздың шөлдену процесssi. Ол өз кезегінде ауаның өзгеруіне немесе шамадан тыс температураның жылуына әсер етіп отыр.

Орман-тоғай ағаштарының қыс мезгілінде де атқаратын маңызы зор. Мәселен, метеорологиялық және климаттық жағынан алғанда, Қазақстанның қыыр солтүстігінде орналасқан Костанай мен Петропавл қалаларының қыстағы суық ауа-райы, олардан онтүстікке қарай жатқан Астана мен Қарағандыға қарағанда бір шама салыстырмалы тұрғыдан алғанда айттарлықтай білімбейді.

Алайда екі төніректе де ауа температурасы – 35°C – 40°C дейін жетеді. Бұның жауабы қарапайым. Себебі Қостанай мен Петропавл өнірлері орманменен көршалған, ал орман ағаштары

желдің күшін әлсіретіп бәсендегеді. Сол себепті бұл төніректе аязды, бірақ желсіз күндер байқалады.

Керісінше, олардан онгустікке ғарай орналасқан, бірақ орман алқаптары жоқ, сол себепті желдің өтінде орналасқан Астана мен Караганды қалаларында аязды, әрі оның үстіне қатты немесе күшті боранды желді (22 м/с астам) ауа-райы қалыптасады. Сол себепті Астана мен Караганды өңірлерінің қысы Қостанай мен Петропавлға қарағанда біршама айтарлықтай сұық келеді. Яғни қысы аязды, әрі желді, дауылды келеді.

Осыған байланысты, 2000 жылдардың бас кезінде елордамыз Астана қаласы айналасының маңында орман түрғызыла бастады. Мамандардың пайымдауы бойынша, бұл орман алқаптары желдің күшін біршама бәсендегіп, қыстағы сұық жел мен жаздағы құрғақ қуан жел мен дауылды бәсендегеді. Ал жалпы, бүтінде елордамыз – Астана мен Монголия астанасы – Ұлан-Батыр қалалары әлемнің ең сұық астаналары болып есептеледі.

Көрсетілген мысалдар, жалпы Қазақстанның табиғаты, нақтырақ айтқанда табиғи кешендері қатал, әрі нәзік табиғи зоналарда орналасқанын айқын көрсетеді. Яғни орман алқаптары аз, климаты қуан, құрғақ, әрі шұғыл-континентті, сол себепті жауын-шашын мөлшері де тұрақсыз және де өзен-көлдері біркелкі орналаспаған. Физикалық-географиялық түрғыдан алғанда, осындай жағдайда қалыптасқан әсіресе тундра мен шөлейт ландшафттары экстремалды аймақтарға жатады.

Осы себебті, әсіресе шөл мен шөлейттегі құрғақшылықтың шамадан тыс болуы және керісінше ылғалдылықтың жетіспеуі жағдайында, табиғаттағы тепе-тендіктің бұзылуы үлкен экологиялық ахуалдарға, тіпті апаттарға әкеліп соқтырады (Сексеуіл тогайларының қырылуы және сонымен байланысты құмдардың жылжуы). Себебі құрғақшылық пен ылғалдылықтың жетіспеуі жағдайында табиғаттың өздігінен қалпына келуі өте қыын. Ал сұы тапшы, әрі топырағы тұзды-минералды жерлерге қолдан ағаш егіп табиғатты қалпына келтіру, бүтінде тұсшы су мәселесі жер жүзі бойынша өршіп тұрган жағдайында мүмкін емес.

Оған дәлел Арал теңізінің тартылуы мен оның айналасындағы ландшафтылардың түбекейлі өзгеруі. Ол

жерлерде қазір жаңа геоморфологиялық процесстер мен бұрынғы теніз түбінің орнында жаңа жер бедері қалыптасып келе жатыр. Ал теніз түбінен ұшқан тұз берінин минералды элементтер жер жүзіне тараап, ғаламдық температураның жылдықтар мен қоса, Орталық Азияның биік таулардағы мәңгі мұздықтар мен қарларды еруіне де бірден-бір себеп.

Бұл көптеген қауіпті геоморфологиялық табиғи апаттардың – сел мен опырмалардың жиі өтуіне әсер етеді. Мұздықтардың толық еріп кеткен жағдайында таулы өзендердің мәнгілік мұздықтармен қорықтенуі тоқталады. Нәтижесінде өзендер тек жер асты суымен ғана және жауын-шашындармен ғана толысып тұрады.

Яғни қорықтену көзі айтарлықтай азаяды. Ал таулардың көбі онтүстіктегі шөл мен шөлейт аймактарда орналасқанын ескерсек – бұл Орталық Азияның одан бетер шөлденеуіне, климаттың құрғақтануына себеп болады. Ертеректе әлемдегі ең үлкен шөл – Сахара шөліндегі адам өте алмас тропикалық орман болғанына бүгінде сену өте қыын.

Қорта келе, Қазақстанның физикалық-географиялық жағдайын, оның ерекшелігін негізге алып, табиғатының бір жағынан қатал, екнші жағынан нәзік болғандығын ескере отырып, еліміздің табиғаты және оның экономикасы тұрақты даму қағидаларына сәйкес дамуы тиіс. Яғни әлемнің мұна-газ, көлік шығару өндірістерімен қатар дамып келе жаткан туризм индустриясы да тұрақты даму қағидаларына сәйкес дамуы керек.

Осы тұрғыда еліміздің туризм индустриясы бірте-бірте экологиялық туризм бағытына қарай ауысуы тиіс. Яғни, экологиялық туризм тұрларін – ғылыми туризм, геотуризм, агротуризм, ауылшаруашылық туризмі, этнотуризм, шытырман туризмі және ереше қорғалатын аймактар мен табиғи парк пен қорықтарға бағытталған саяхат туризмдерін дамыту мәселелері бүгінде біздің ел үшін, бұқаралық, немесе жаппай туризмге қарағанда өзектірек болып тұр.

1.4 Қазақстандағы экологиялық туризмнің негізгі түрлері

Бұтінде экологиялық туризмнің төрт негізгі бағыттары бар:

- 1) Ғылыми туризм
- 2) Табиғат тарихының турлары
- 3) Шытырман туризмі
- 4) Табиғи қорықтарға саяхат
- 5) Агротуризм

Осылардың кебіреулеріне тоқтала кетсек.

Ғылыми туризм негізінен ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда, қорықтарды, ұлттық парктерде дамыған. Ғылыми экологиялық турлар барысында туристер түрлі зерттеу экспедицияларына қатысып, далалық бақылау жүргізеді. Мысалы Латын Америкасында кең тараған экотурлар әлемге танымал, мұнда Галапагос аралдарына круиздер ұйымдастырылады. Жалпы туризмнің бұл түрімен текқана галымдар емес, ғылыммен айналысқысы келетін басқа сала азаматары да қатыса алады. Қазіргі туризмнің шарықтап дамуы оған толық мүмкүндіктер береді. Жалпы туризмнің қағидаларының бірі халыққа қызмет көрсету. Бұтінде туризм 32 саланы қалай қамтыса, дәл солай туризм барлық салага кіріп еңіп отыр десек те болады.

Мәселен, сіз космонавт не асторонавт болмасаңыз да, осы саламен өзбетіңізше танысып, ізденіп, кәсіби ақыл-кеңестерді алып, «Байқоңыр» космодромынан космоска сапар шегіп, ғаламат кеңістікке аттанып, космостық турист атануыңыз әбден мүмкін. Сондай туристердің біреуі – Денис Тито. Әрине, ол сапар үлкен қаржыны талап етеді. Алайда бұтінде ол адамзат үшін мүмкін болды. Жалпы айтқанда, әлем, нақтырақ айтқанда оның санасы өзгеру үстінде. Бұрын қол жеткізアルмаған асуларға бұтінде ғылыми-техникалық прогрес арқылы жетіп отырмызы. Біздің заманымызда көп заттардың іске асуы мүмкін болды.

Дәл сондайақ, ғылыми туризммен айналсу ішін міндетті түрде ғалым, профессор не академик болудың қажеті жоқ. Алайда туризмнің бұл түрін нақты сол саланың мамандарысыз елестету мүмкін емес. Яғни олар – туристердің негізгі ғылыми кеңесшілері. Туризмнің бұл түрі түрлі жаратылыстану және

тарихи-археология салалары бойынша қысқа немесе ұзакмерзімді ғылыми экспедицияларды үйімдастырады. Мәсселен:

- 1) геологиялық барлау экспедициялары;
- 2) геоморфологиялық жер бедерін зерттеу экспедициялары;
- 3) ботаникалық өсімдіктану экспедициялары;
- 4) зоологиялық жануарлартану экспедициялары;
- 5) энтомологиялық жәндіктердітану экспедициялары;
- 6) орнитологиялық құстарды зерттеу экспедициялары;
- 7) тарихи жәдігерлер экспедициялары;
- 8) археологиялық қазба жұмыстар экспедициялары;
- 9) гидрогеологиялық экспедициялары;
- 10) немесе біздін елге келер болсақ, қазақ руларының шежіресін жазу экспедициялары;
- 11) этнографиялық экспедициялар;
- 12) салт-дәстүрлерді зерттеу экспедициялары;
- 13) халық музыкасын: әндерді, құлерді нотаға немесе таспаға түсіру экспедициялары;
- 14) қымыз немесе шұбат сусындарының әр өнірде дайындау тәсілін зерттеу экспедициялары, және т.б.

Әр экспедицияның өзінің мақсаты мен міндеттері болады, зерттеу объектісі мен зерттеу пәні болады, методологиясы мен әдістемесі болады.

Мысалы, бір ғана ботаникалық өсімдікану экспедициясын алайық. Мәселен, биолог-ботаник ғалымдарды енлікгүлдің (әдельвейс) қазіргі таралу экологиясы аландатады. Ол үшін олар міндетті түрде ғылыми-зерттеу экспедицияларын үйімдастырады, бік таудағы далалық бақылауларды жүргізеді, олардың көбейту мақсатында тұқымдарын алып, тіпті картографтарменен бірлесе, олардың қандай биіктікте тарағанын географиялық картаға түсіреді. Бұл жағдайда ғылыми-зерттеу экспедицияның мақсты мен **зерттеу объектісі** – енлікгүл болып тұр, ал **зерттеу пәні** – олардың қазіргі экологиясы, яғни бүтінгі ахуалы, қандай биіктіктерде таралғаны және т.б.

Дәл сондай ғылыми-зерттеу мониторингтер пен экспедицияларды, Қазақстан отаны болып саналатын, нақтырақ айтқанда Жетісу өнірінде өсетін қызғалдақтар мен жабайы Сиверс алмаларына да арнауға болады. Және де олардың сақтап

калу амалдарын іздестіріп зерртеу жұмыстарын жүргізуге болады.

Зоологиялық ғылыми-зерттеу экспедицияларында аңқұстарды бақылайды, олардың таралуын зерттейді, санына санақ жүргізеді, тіпті қызыл кітапқа енгендеріне электронды бақылау қондырылыштарды мойнына немесе аяғына тағу сияқты жұмыстары дәл осы туристердің көмегемен жүргізіледі.

Көріп отырғандай, бұл өте қызықты, әрі романтикаға толы саяхаттар. Қысқа мерзім ішінде әр саланың мамандары (экономист, немесе инженер, тіпті ақын-жазушы) белгілі бір саланың беделді ғалымдарымен бірге зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өздерін сәл уақытқа болсада зерттеуші-ғалым ретінде сезіне алады. Және де қоршаған ортаға өз үлесі мен пайдасын қосудан шығармашылық ләzzат алады. Мүмкін бұл балылық шақтағы жүзеге аспай қалған біреудін арманы болар. Қазірде, белсенді дамып келе жатқан ғылыми экологиялық туризм бұған толық мүмкүндік береді.

Тарихқа жүгінетін болсақ, қазақ халқының музыкалық аспаптарын Қазақстанның түпкір-түпкір аймақтарынан тарихи-археологиялық экспедицияларға ілесіп жүріп тауып жинаған, дала кезіп кеткен музыкатанушы Болат Сарыбаевтың еңбек және омір жолын – ғылыми туризм деп толық атауға болады. Музыкатанушы ғалымның өмірінің тең жартысы тарихи-археологиялық қазба жұмыстары экспедицияларында өтті. Қазіргі қазақ ұлттық музыкасының аспаптары мен олардың үні композитор Ахмет Жұбановпен осы музыкатанушы-ғалым Болат Сарыбаевтың көпжылғы далалық зерттеу жұмыстарының нәтижесі. Сол аспаптардың барлығы «Отырар сазы» және «Құрманғазы» ұлттық аспаптар оркестерінде көрінісін тапқан.

Немесе, Затаевич, Потаниндердің еңбек жолдары. Олар қазақ даласының ән-күйлерін сахараны кезіп нотага, яғни қағаз бетіне түсіріп кеткен. Ал, қазір, ғылыми туризмді негізге алып осындай жұмыстарды жүргізуге толық болады.

Бірнеше ғылым иегері – географ, картограф, этнограф, тарихшы, суретші, саяхатшы-ғалымның – Шоқан Үәлихановтың еңбек жолы мен өмірінің тең жартысы далалық жағдайда зерттеумен өтті.

Ал біздің заманымыздың көрнекті жазушысы, тарихшысы, этнограф-ғалымы – Ақселеу Седімбектің өмір жолы қазақ сахараасын, оның шежіресін, музыкасын, ән-күйлерін, өмір-салтын, дәстүрін зерттеуге арналған.

Яғни, ғылыми туризмнің әлем тәжерибелерін ескере отырып, Қазақстанда ішкі ғылыми турзмге бағытталған өзінің даму жолдарын айқындауға болады. Атап өткен Қазақстанның ірі тұлғаларының өмір жолдары соған дәлел.

Ғылыми туризм бағыты әсіресе европалық, американалық және жапон туристерінде кең тараған. Олар тіпті өз қаражатарына біздің елімізге келіп турлі географиялық, археологиялық, биологиялық экспедициялардың құрамына ілесіп жүреді. Әрине бұл туристер сол саланың иесі болмаса да, белгілі бір ғылымдарды серік етіп (хобби) және ғылыми-зерттеу экспедицияларына дайындықпен не болмаса қызығушылықпен келеді.

Әзірше экологиялық туризмнің бұл түрі елімізде әуескөй деңгейде ғана тараған. Сонымен қатар, экологиялық туризмнің негізгі жұмыстарына жаратылыстану және тарихи-археология мамандықтарында білім алып жатқан студенттерге ұлттық парк пен ерекше қоргалатын аймақтарда оку-дала тәжерибе жұмыстарын үйымдастыру міндеттері кіреді.

Келешекте ғылыми экологиялық туризмді шетел және отандық азаматтарға арнап (кіру және ішкі туризм) коммерциялық деңгейге дейін жеткізуге болады.

Табиғат тарихының турлары.

Бұл арнайы жасақталған экологиялық маршрут бойынша жүргізілетің оқу, ғылыми-мәдени және туристік экскурсиялардың жиынтығы. Көбінесе бұндай экологиялық турлар қорықтар, ұлттық парктер, туристік аудандар мен акваториялар аумағы бойынша жүргізіледі. Туризмнің бұл түрі әсіресе Германия мемлекетінде танымал, сол себепті оны көбінесе экологиялық туризмнің неміс моделі деп те атайды.

Шытырман туризмі.

Шытырман туризміне келесі турларды кіргізуге болады:

- 1) discovery & adventure holidays (шалғай жатқан аймақтар);

- 2) short destinations (велосипед үстіндегі қыскамерзімді турлар);
- 3) walking amp; trekking (күрделі жер үсті бойынша жаяу маршруттар);
- 4) multi activity holidays (айтарлықтай ауыр жүкті физикалық саяхат);
- 5) overland tours (өмір сүрге беймделіп қайта жабдықталған автомобилдегі саяхат).

Бұл экологиялық туризм түрі табиғат аясындағы белсенді қозғалыс пен демалыспен байланысты саяхаттың барлығын біріктіреді. Аталған экологиялық туризм түріне сонымен қатар:

- 1) альпинизм;
- 2) құзға өрмелеу;
- 3) мұзға өрмелеу;
- 4) спелеотуризм;
- 5) тау және жаяу туризмі;
- 6) су туризмі;
- 7) шаңғы туризмі;
- 8) таушаңғысы туризмі;
- 9) ат туризмі;
- 10) дайвинг;
- 11) парапланеризмдер жатады.

Аталған туризмнің көп түрлері кейінгі уақытта пайда болды, олар туризмнің арнағы – экстремалды түріне жатады.

Табиғи қорықтар мен резервацияларға саяхат.

Қорықтарда орналасқан көптеген табиғи нысандар мен құбылыстардың кереметтілігі, олардың бірігейлігі және тартымдылығы көптеген туристерді тарпай қоймайды. Мысалы, Латын Америкаға келген туристердің 60% ұлттық парк пен табиғи қорықтар мен резервацияларды көру үшін келеді. Сондайқ, экологиялық туризмнің дәл осы түрі ең көбі Австралияда дамыған, сондықтан оны көбінесе экологиялық туризмнің австралиялық моделі деп те атайды.

2. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ПАРКТЕРІ

Экологиялық туризм шеңберінде барлық нысандарды келесідей жіктеуге болады:

1) ғылыми қорық – бұл қорғалатын аймақ текқана ғылыми мақстatta пайдаланады;

2) ұлттық парк – ұлттық және халықаралық маңызы бар керемет табиғи және ландшафттық нысандар мен экожүйелерді ғылыми, ағарту және демалу мақсатында сақтау үшін қорғалатын аумақ.

3) Табиғи ескеркіштер – табиғи немесе колдан жасалған жасанды мәдени-тарихи ескеркіш.

4) Жабайы андар қорығы (заказник) – жануарлардың жеке бір түрлерінің популяциясын және биологиялық құрамдас топтарды сақтау үшін құрылады.

5) Қорғалатын ландшафт – табиғиғаттағы табиғи ландшафттарды қорғау үшін белгіленеді.

6) Ресурстік қорық – табиғи ресурстарды қорғау мақсатында құрылады.

7) Антропологиялық қорық (табиғи биотикалық аумак) – тайпалар мен жергілікті тұрғындардың табиғи өмір сұру жағдайлары мен дәстүрлерін сақтау үшін құрылады.

8) Басқарылатын ресурстық аудан – тұрақты даму және табиғи ресурстарды қайта өндіру мақсатында құрылады.

Экологиялық туризмнің негізгі объектісі көбінесе ұлттық парктер, қорықтар және резервациялар. Ұлттық парктер – бұл бірігей табиғи объектісі бар туристік аудан (су сарқырамалары, конъондары, керемет ландшафттары, үңгірлері және т.б.). Кей жағдайлarda ұлттық парк – бұл корық іспеттес, тек одан айырмашылығы демалуға келген келушілерге рұқсат етеді.

Ұлттық парк – бұл айтарлықтай үлкен аумак, ол келесі белгілермен сипатталады:

1. Бір немесе бірнеше экожүйелер адамның әсер етуінен және де оның халық шаруышылығынан айтарлықтай өзгермеген;

2. Өсімдігі мен жануарлар әлемі ерекше, ал аумақтың өзі ғылыми тұрғыдан сақтау мен зерттеуді қажет етеді.

3. Жергілікті табиғи ландшафтылар сұлу табиғатымен ерекшеленеді.

4. Экологиялық, геоморфологиялық және эстетикалық ерекшеліктерді сактау мақсатында елдің білікті және құзырылы билігі аумақты шаруашылық түрғыдан игеруді шектейтің нақты қадамдарды қарастырды.


5. келу мен кіру тек танымдық, ғылыми, білім алу және мәдени мақсаттар үшін ғана рұқсат етледі

Дүние жүзіндегі алғашқы ұлттық парк Солтүстік Америкадағы атақты Йеллоустон паркі. Ол 1872 жылы Америка Құрама Штаттарында құрылған. Кейіннен ұлттық парктерді құруға Канада мемлекетіде ат салыса бастады. 1885 жылы Жартасты тауларының шығыс беткейлерінде 26 шаршы шақырым аумақта ұлттық парк құрылды.

Жалпы айтқанда, ұлттық парк пен қорықтарды құру мен дамыту – бұл экологиялық туризм мен ауылшаруашылық туризімнің дамуының негізі. Ұлттық парктер көбінесе мемлекеттің жоғарғы заң қабылдайтын мекемесімен бекітіледі. Бүтінде, әлемде 1500-ден астам ұлттық парктер бар, оның 260 әлемдік маңыздылығы бар ірілері құрайды. Олар Біріккен Ұлттар Ұйымының реестріне кіреді. Ұлттық парктер мемлекеттің қорғауына алынған, және ұлттық парктерді сактау және қолдау жан-жақты келісімге кіргізілген

2.1 Баянауыл ұлттық мемлекеттік табиғи паркі

Баянауыл ұлттық мемлекеттік табиғи паркі 1985 жылы Павлодар облысының Сарыарқа өңірінде ұйымдастырылған. Ол Қазақстан Республикасындағы ерекше қорғалатын аймақтардың ішіндегі ең алғашқы тұнғыш құрылған саябақ болып есептеледі. Оны құрудағы негізгі мақсаты – Сарыарқа даласындағы гранитті таулы массивтеріндегі жел мен күнің әсерінен қашалып мұжіліп жасалған табиғи ескеркіштерді (тасты мүсін қалашықты) және ондағы өсімдіктер мен жан-жануарларды қорғау болатын. Алып жатқан аумағы 68 452,8 га құрайды.



Баянауылдың қатпарлы-жакпарлы тауларының жер бедері

Саябактың физикалық-географиялық жағдайына келер болсақ, климаты шұғыл континентті, яғни жазы – ыстық, қысы – сүсік. Ал жер бедері Сарыарқаның жазық-таулы-қыратты ландшафтысына сәйкес. Баянауыл тауларында қатпарлы-жакпарлы және жекелеген жақтар тасты тау шоқылары кең тараған. Осындай ерекше жазық-таулы-қыратты жер бедері төсінде суы мөлдір Жасыбай, Сабындықөл, Торайғыр көлдері орналасқан. Ал граниттен түзелген Баянауыл тауларының етегінде жер асты сулары жерді жарып көптеген бұлақ түрінде жердің бетіне шығып жатады. Сондай-ақ осы гранитты жер бедері кең тараған Баянауыл саябағында тау ішіндегі «Әулиетас» пен «Құмыра» үңгірлері, көптеген тастағы жазулар мен таңбалар және археологиялық ескерткіштер мен қола дәүірінің қорғандары көптеп кездеседі.

Тектоникалық-геологиялық түрғыда таутүзілу процесsei токтағаннан кеін Сарыарқа таулары бірте-бірте аласарып мындаған уақыт бойы жел мен күннің, су мен құрғақ ауаның әсерінен мүжіліп гранит тастардан қашалған жер бетінде тенденсі жоқ аспан астындағы керемет кәдімгі табиғи мұражайға айналған. «Найзатас», «Жұмбақтас», «Көгершін», «Атбасы» сынды түрлі мүсіндер осыған тікелей дәлел. Мысттан кемпір


табиғи ескеркіштерімен бірге олар саябақ табиғатына ерекше көрік береді.

Саябакта өсімдіктердің 400-ден астам түрі (қарағай, қайын, қандығаш, таңқурай, мойыл, долана, жабысқақ қандығаш, көктем жанаргұлі т.б.) тараган. Ал жан-жануарлар әлеміне келер болсақ, «саябакты омыртқалы жануарлардың 100-ден аса түрі, сүткоректілердің 40-тан аса түрлері (арқар, елік, қасқыр, тұлқі, сілеусін, борсық, тиін, т.б.), құстардың 50-ден астам түрлері (аққу, қаз, үйрек, құр, шіл, бұркіт, т.б.) мекендейді. Олардың ішінде арқар, бұркіт, сұңқылдақ акку Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген. Сондай-ақ өзен-көлдерінде балықтың 8 түрі (шортан, сазан, онғақ, алабұға, т.б.) кездеседі.

Саябак қорыктық, қорықшалық және демалыс белдемдеріне бөлінеді. Қорық болігінде, занға сәйкес, шаруашылық жұмыстардың барлығына тыйым салынған Қорыктық белдемде экожүйелер, биологиялық түрлердің алуандығы қорғалады. Қорықшалық белдемде шаруашылық жұмыстар шектеулі түрде жүргізіледі. Сондай-ақ, демалыс бөлігінде келушілер саны реттеліп, қадағаланып тұрады. Табиғатты қорғау және оны адам итілігі үшін ұқыпты пайдалану насиҳаттарына сәйкес Баянауыл ұлттық табиғи саябағының ғылыми, мәдени және эстетикалық маңызы және алатын орны ерекше.



Жасыбай көлі



*Баянауылдагы желмен қашалып жасалған, мұжілген
Мыстан кемтір мүсіні*

2.2 Іле-Алатау ұлттық табиғи паркі

1996 жылы Алматы қаласы маңынан Іле-Алатау таулы жотасының солтүстік беткейінде Іле-Алатау ұлттық табиғи паркі құрылған. Саябақ негізінен Тянь-Шань таулы жүйесіне жататын Іле Алатау жотасының таулы табиғатын, нақтырақ айтқанда, оның биіктік белдеуде орналасқан таулы шырша орманын және, сонымен қатар, ондағы өсімдік жамылғысы мен жануарлар әлемін сақтау, және осы төңіректе туризмді дамыту мақсатында ұйымдастырылған.

Саябақ ауданы 202 мың га. Оған Іле-Алатау баурайында орналасқан Алматы қаласына іргелес жатқан аттыры анызға айналған Медеу, Алма-Арасан, Кім-Асар, Көк жайлау, Ақсай шатқалдары және т.б. табиғат кешендері кіреді. Физикалық-географиялық түрғыдан алғанда саябақ аумағы негізінен таулы жер бедерінде орналасқан. Бұл жердің табиғат кешендері аласа, орташа және биік таулы, көбінесе, орман ландшафттылардан тұрады. Саябақтың өзі де негізінен, Алматы облысының осы

төңіректе орналасқан Қаскелен және Түрген орман шаруашылықтарының негізінде құрылған.

Саябактың климаты физикалық-географиялық түрғыдан алғанда биік тауларға тән биіктік белдеулер бойынша өзгереді. Мәселен, тау етегінде орналасқан далалық белдеу ылғалды келеді, оның жазы құрғак, әрі ыстық болса, қысы жылы, қар жамылғысы жұқа болады. Келесі, аласа және орташа тау белдеуі ылғалды әрі ыстық келеді. Ал альпі және субальпі шалғындары белдеуінде биік таулы жайлаулар орналасқан, ондағы ауаның ылғалдылығы өте жоғары болады. Жылдық жауын-шашын мөлшерінің орташа көрсеткіші 550 – 600 мм құрайды,

Жалпы тауда орналасқан Іле-Алатай саябағы теңіз деңгейінен шамамен 600 – 4500 м биіктікте жатыр. Оның ең биік нүктесі – Конституция шыны – 4540 м және Қазақстанның 25 жылдығы – 4494 м. Саябактағы ең үлкен Дмитриев мұздығының көлемі 17 км² құрайды. Осындағы Түрген, Есік, Талғар, Кіші және Үлкен Алматы, Қарғалы, Ақсай, Қаскелен өзендері осы биіктікте орналасқан мыздық пен қармен қорытненеді. Осы өзендердің бастауларында ірі және кіші көлемдегі түрлі моренді көлдер орналасқан. Олардың көпшілігі маусым айында суға толып, қысқа қарай тартыла бастауды. Сондай-ақ саябакта 2500 м биіктікте Үлкен Алматы көлі орналасқан, оның ауданы – 1 км², терендігі 39,3 м. Үлкен Алматы өзенінің су алабында термалды сулар кездеседі. Олар Алма-Арасандағы құрамында радоны бар бастаулар, Горельники мен Таутүргендегі кремнийлі-термалды сулар.

Саябактың топырағы көбінесе тау беткейлері топырактарымен қалыптасқан. Тек аласа таулар белдеулерінде, оның ортанғы бөлігі мен етегінде, жекелеген жерлерде қара топырактар кездеседі. Өсімдік жамылғысы (көбінесе орман ағаштары) жойылған жағдайда бұндағы топырактар түрлі эрозиялық (сел, опырылма,) геоморфологиялық қауіпті үрдістерге өте бейім келеді. Сол себепті беткеінде өсімдік жамылғысы тығыс орналасқан жерлерде ондай үрдістер біршама бәсендей түседі.

Саябакта 1 мыңнан астам өсімдік түрі бар. Бұл өсімдіктердің 36 түрі Қазақстанның «Қызыл кітabyна» тіркелген. Оның ішінде

аты аңызға айналған жердегі барлық алмалардың атасы – Сиверс алмасы, Алматы кекіресі, Мушкетов түйесінірі және т.б.

Флорасы алуан түрлі аймақтың жануарлар әлемі де өте бай келеді. Саябақта омыртқасыздардың 8 класқа жататын 2 мыңнан астам түрі бар. Қазіргі таңда омыртқасыздардың 24 түрі белгілі болды. Оның ішінде Қазақстанның “Қызыл кітабына” тіркелген Түркістан туркомиласы, әшекейленген жүйрік қоңыз, шығыс ахраноксиясы, Іле хош іісті отын кескіш қоңызы және т.б. Саябақта омыртқалы жануарлардың 245 түрі. Ал осылардың ішінде Қазақстанның «Қызыл кітабына» балықтардың 4, қосмекенділердің 2, құстардың 11, сұтқоректілердің 7 түрі енгізілген.

Сонымен катар, саябақ аумағында Талкыз және Түрген ескі қалашақтарының орны сақталған. Түрген шатқалында ертедегі темір дәуірінің зираттары мен Есік өзенінің бойында сақ корғандары бар. Бутаков сарқырамасы, реликті мүк басқан Шыңтүрген шыршалары да табиғат ескерткіштері болып саналады. Соңғысында мүк астында, 30 – 40 см тереңдікте қалыңдығы 2 – 3 м болатын мәңгі мұз қабаты бар. Табиғаты әсем, алуан түрлі флорасы мен фаунасы бар Іле-Алатау ұлттық табиғи паркінде қоршаған ортаны корғауда алатын орны ерекше.



Іле Алатау ұлттық паркі. Үлкен Алматы көлі



Іле Алатау ұлттық паркі. Ақсай шатқалындағы Ақжар тектоникалық жары



*Іле Алатау ұлттық паркі. Үлкен Алматы көлінің жоғарғы жағы.
Шыршалы екі беткейдің арашында – сел көшкіннің ізі*

2.3 Алтынемел ұлттық табиғи паркі


Алтынемел ұлттық табиғи паркі Алматы облысы Жетісү Алатаяуының оңтүстік сілемдерінің арасында орналасқан. Жалпы жер көлемі – 520 мың гектар. Парк аумағында туристерді қатты қызықтыратын бірегей табиғи құрылымдар және байырғы тарих ескерткіштері орналасқан. Шатқалдарында ежелгі адамдардың тасқа қашап салған суреттерін көруге болады. Парк Қапшағай мемлекеттік аңшылық шаруашылығы негізінде 1996 жылы құрылды.

Алтынемел ұлттық табиғи паркі аумағы 469620 га. Парк құрамына Қапшағай бөгенінің солтүстігі бөлігі мен Іле өзенінің оң жағалауы, Жетісү (Жонғар) сілемдері: Кіші және Үлкен Қалкан, Ақтау, Қатутау, Дегерес, Матай, Шолак, Қоянды таутаулары және өте сирек кездесетін табиғат ескерткішінің бірі – «Әнші құм» («Айғай құм») кіреді. Қапшағай бөгенінің оң жағалауындағы тау етегі жазықтығында көптеген қорғандар (мысалы, сақ хандарының қабірі – Тигрханда, 7-4 ғасырлар), тау сайларында әр түрлі жануарлардың суреті салынған жартас көрмесі бар.

Парктің климаты шұғыл континентті, қысы сүйк, жазы ыстық. Жылдық жауын-шашын мөлшері 330 мм-ден аспайды. Қантардың орташа температурасы – 8,6°C, шілденің орташа температурасы 26°C. Қар аз түседі, ол жабайы жануарлардың қыстап шығуына қолайлыш жағдай туғызады.

Парк флораға бай, онда жоғары сатыдағы өсімдіктердің 1500 түрі, «Қызыл кітапқа» енген 22 түрі (мысалы, Мұсілім сылдырышебі, Қопал таспашебі, Іле бөрікарақаты, т.б.) бар. Парк жануарлар әлеміне де бай. Омыртқасыздардың ішінде ең көп кездесетіні – өрмекшітәрізділер мен жәндіктер. Жәндіктердің 5000-нан аса түрі белгілі, оның 25 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Мысалы, Галузо отын кескіш қоңызы, Сольский барылдауық қоңызы, дала сколиясы, жолакты тораңғы кебелегі, т.б. Омыртқалы жануарлар фаунасы да бай. Балықтың 20 түрі, оның ішінде 3 түр эндемиктер (балқаш алабұғасы, балқаш шармайы, бір түсті салпыерін) болып саналады. Қосмекенділерден жасыл құrbaka, қызылаяқ бақа және

көлбака бар. Бауырымен жорғалаушылардың 25 түрі кездеседі. Мысалы, қалқантұмсық жылан, дала тасбақасы, жалтырауық жармаскы, оқжылан, т.б. Құстардың 200 түрінің 174 түрі саябакта ұялайды. 18 түрі «Қызыл кітапқа» енгізілген, мысалы, қара дегелек, балықшы түйғын, жұртшы, үкі, т.б. Сүтқоректілердің 70-тен астам түрі мекендейді, олардың ішінде ортаазия тас сусары, шұбар күзен, ортаазия өзен құндызы, Тянь-Шань арқары және бозтұсті ергежейлі қосаяқ корғауға алынған. Саябакта 1976 – 77 жылдардан бері ақ бөкендер, 400-ден аса құлан мекендейді. Табиғатта сирек кездесетін бір түр – Пржевальский жылқысы дүние жүзіндегі бірнеше зообақтаған сақталған. 2003 жылы саябакқа Германиядан бірнеше жылқы әкелініп, жерсіндірілді. Саябакта табиғат шежіресі жүргізіліп, жан-жақты жабдықталған бірнеше туристік маршруттар жұмыс істейді.



Алтын-Эмель ұлттық паркі. Әнші құмның жер бедереі



Алтын-Эмель ұлттық паркі. Пржевальский жылқылары

Парк археологиялық ескерткіштер мен ежелгі таңбалар және суреттер салынған үнгірлермен тастарға бай. Сак дәуірінде салынған «Бесшатыр» обаларының маңызы үлкен. Ш.Ш. Уәлихановтың тарихи-мемориалдық мұражайы осында орналасқан. Саябакта өсімдіктердің 1800 түрі: балқаш сексеуілі, баялыш, шырша, үйеңкі, тораңғы, қызыл тал, жиде, жынғыл, сексеуіл, қылша, т.б. өседі. Саябактың жануарлар әлемі де алуан түрлі: сүткоректілерден құлан, қарақұйрық, арқар, түлкі, тас сусары, қоян; құстардың 15 түрі: бүркіт, тазқара, ителгі, кекілік, қырғауыл, бұлдырық; балықтардан сазан, көксерке, ақмарқа, табан балық, т.б. кездеседі. Омыртқасыз жануарлар дүниесі толық зерттелмеген. Саябакта 17 қорықша бекеті және бірнеше туристік маршрут жұмыс істейді.



Алтын-Эмель үлттүк паркі. Бесшатыр қорғаны



Алтын-Эмель үлттүк паркі. Тастаның жазулар

2.4 Көкшетау ұлттық табиғи паркі


Көкшетау ұлттық табиғи паркі 1996 ж. Солтүстік Қазақстан және Ақмола блыстарымен Айыртау мен Зеренді аудандарының ерекше экологиялық, тарихи, ғылыми, эстетикалық және демалыстық бағалы аймағында бірегей табиғи кешенді сактау және қалпына келтіру мақсатымен құрылды.

Парктің негізгі аумағы 151,1 мың га, бұған көне қарагайлы орман, тоғайлы саяжайлар және бұрынғы Зеренді, Арықбалық, Озерный орман шаруашылықтарымен, кәсіпорындарының, Дубровский аң-орман шаруашылықтарының қайынды-көктеректі ормандары, сондай-ақ Зеренді, Имантау, Шалкар, Лобанов, Белый және суы корғалатын аймаққа жансаса жатқан жерлері бар Байсары көлдерінің аумағы кіреді. Географиялық саябак Солтүстік Қазақстан аумағының орман-тоғайлы үстіртінде, Көкшетау қаласынан 60 км батысында орналасқан. Саябактың және оның қорғалатын аймағының кең аумағы (5 мың km^2 -ге жуық) адам мен табиғаттың ескі және қазіргі дәуірдегі дамуын бейнелейтін тарихи мұра ретінде бірегей табиғат мұражайы болып табылады.



Көкшетау ұлттық табиғи паркі. Карагай орманы

Мұнда өсімдіктің 700 түрі, жан-жануардың 305 түрі, Қазақстанның барлық флорасы мен фаунасының 30%-на жуығы бар, сонымен бірге геологиялық, археологиялық, тарих және мәдениет ескерткіштері (бұған неолит дәуірінің Ботай мекені де кіреді), мемлекеттік қорғауда. Ұлттық саябақ аумағы жағынан үш аралас филиалға: Зеренді аймақтық бөлімшесі (орталығы - красный кордон кенті), Арықбалық АБ (Горный кенті), Шалқар АБ (Лобанов кенті) және Дубравский ұдайы өндіріс участке сіне (Мостовой кордоны) бөлінген. Аумақтың 10%-н ірі Шалқар, Имантау, Зеренді көлдерінің жағаларына орналасқан келушілерге, туристерге қызмет көрсететін демалыс аймақтар алады. Ұлттық саябақта: "Шалқар" және "Зеренді" санаторийлерінде стационарлық (емдеу-сауықтыру), яхтада, атпен серуендеуге, спорттың тау-шаңғы түрлері, "Тұрпан", "Имантау", "Зеленый мыс", "Дубрава" демалыс базаларында қысқамерзімдік (маусымдық) демалыс түрлері ұйымдастырылған.



Көкшетау ұлттық табиги паркі. Студенттердің гылыми-зерттеу оқу-тәжірибе практикасы

2.5 Қарқаралы ұлттық табиғи паркі

Қарқаралы ұлттық табиғи паркі 1998 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы таулы-орман ландшафтысын, ондағы бірегей нысандарын көрғау, саяхатты дамыту және халық демалысын жақсарту мақсатында құрылған. Жалпы аумағы 120 га.

Табиғи парк Сарыарқының Қарқаралы және Кент тауларындағы дала өсімдіктері мен қарағайлы орман өскен аймағын алғып жатыр. Бұл аймақта бұрын биік таулар болатын, уақыт өте бұзылып, көптеген ұсақ шоқылар мен адырларға бөлініп кеткен. Олардың биік беткейлері қатты өзгеріске ұшырап, жартасты шындары терең сайлармен және анғарлармен бөлінген. Көп жерлерде гранитті тақталар жалаңаштанған. Тау сайларынан бұлактар басталып, шағын өзендер бастау алады. Қарқаралы тауларында Қарқаралы, Қопа, Аюшат, Каракенгір, Кент тауында Қызылкеніш, Қадыр өзендері, Шайтанкөл, Бассейн, Улкенкөл, т.б. көлдері бар. Шағын сүкіймалары, суға толы гранитті жартас шұнқырлар кездеседі.



Қарқаралы таулары ішінде орналасқан Бассейн колі



Қарқаралы маңындағы қыраттар



Қарқаралы тауларының панорамасы

Аймактың ауа райы континентті, күн сәулесі көп түседі. Жауын-шашының орташа мөлшері 250-300 мм, жазғы жауын-шашың қысқы уақыттан басым және жазда жиі құрғақшылық болып тұрады. Қантар айының орташа жылдық ауа температурасы – 14,4°C, шілдеде 18°C. Қарағайлы орман төсемесінде қоңыр түсті орман және шымды-күлді таулы орман топырағы қалыптасқан.

- Тұяқты жануарлардан – сібір елігі, бұлан, арқар.
- Жыртқыштардан – қасқыр, түлкі, қарсақ, борсық, ақкіс, т.б; ак қоян, дала шақылдағы.
- Кеміргіштерден – дала суыры, қызылұрт сарышұнақ, үлкен және секіргіш қосаяқтар, тоқалтіс пен қаптесердің оннан астам түрі таралған. Доңыз бен марал, ақшыл тиін жерсіндірлген.
- Құстардан – маубас жапалақ, байғыз, үкі, бақалтақ қыран, тұрымтай, кәдімгі және дала күйкентайы, ормандарда үлкен шұбар тоқылдақ, ақшыл қанат сайрауық, т.б;
- Бауырымен жорғалаушылардан – секіргіш кесіртке мен өрнекті қарашұбар жылан, сирек жағдайда көк кесіртке, қалқантұмсық жылан, т.б. кездеседі.

Саябакта кездесетін аңның 40, құстардың 114, өсімдіктің 66, балықтың 8 түрі қорғауға алғынған. Олардың ішінде Қазақстанның Қызыл кітабына енген аңдар – арқар, сабаншы; құстардан бүркіт, ақбас тырна, ақбас үйрек, балықшы тұйғын, безгелдек, қара дегелек, қытай қазы; өсімдіктерден қара қандығаш, Фукс сүйсіні, қызыл қайың, Қарқаралы бөріқарақаты мен сылдыршебі, кәдімгі қырыққұлақ, Сібір қисық бұтасы, қауырсынды селеу және мұктің бір түрі – тегіс сфагнум, т.б. бар. Эндемик өсімдік түрлерінен – Қарқаралы бөріқарақаты мен сылдыршебі, үшкір сала сиякөк, Қарқара бидайығы, салалы таспашөп, Қарқаралы рэгнериясы өседі.

Саябак үш белдемнен тұрады:


- корықтық белдем – Кент тауларын қамтиды. Мұнда таулы-орманды алқаптың төл табиғаты бастапқы қалпында сақталып, қорғалады;
- рекреациялық белдем – Қарқаралы тауларын қамтиды. Мұнда табиғатты қорғаумен қатар туристік, сауықтыру шаралары үйімдастырылады;

- эндемиктік белдем – тек қана осы саябақта тіршілік ететін жануарлар, сондай-ақ бірегей табиғат нысандары көрғалады.

Саябақ аумағында шаруашылық әрекеттергө ыйының салынған.



Қарақаралының ең білік шыны – Жирен сақал



Бассейн көлі. Жоғарыдан түсірілген

2.6 Бурабай үлттүк паркі

Бурабай үлттүк паркі қазіргі Ақмола облысының солтүстігінде 2000 жылы құрылған. Бурабайдың тау-тасы да, көл де, жазық даласы да ертегілер мен аңыздарға толы. Көкше жеріндегі Бурабайдың тамаша табиғаты, тылсым бейнесі – қарағайлы орманы, бір-бірінен көлдері аркылы бөлініп жатқан қатпарлы жартастары, биік құз басындағы тастары мен шындары небір бейнені көз алдыңа елестетеді.

Бурабайдың әрбір қия тасына аңыздар негізінде және бейне ерекшелігіне қарай ат қойып отырған: Оқжетпес, Жұмбақтас. «Жұмбақтасты» бір қырынан қарасаң – бұрымды жас қызға балайсың, екінші қырынан қарасаң - орамал тартқан келіншекке балайсың, ушінші қырынан қарасаң – бетіне әжім түскен кемпірge балап таңқаласың.



*Кокшетау гранитті таулар арасында тектоникалық ойыста
орналасқан Бурабай көлі. Көкше тауы мен Жұмбақтас*

Бурабай көлдеріне Бурабай, Шортанды, Үлкен Шабақты, Кіші Шабақты, Қотыркөл жатады. Сонымен қатар, Сарыарқаның, Кекшетау тауларының аралығында бір-біріне жақын орналасқан ұсақ көлдер тобы бар. Олар суының тазалығымен ерекшеленеді.


Оқжетпес туралы мынадай аңыз бар екен: Қалмақ қызына Абылай ханның әскерлері «мен аламын» деп таласады. Сонда Абылай жауынгерлерін ренжітіп алмас үшін “Бұйырдым тұтқын қыздың қалауына” дейді. Тұтқын қызы жігіттердің өнерін синау үшін үш шарт қояды. Біріншісі — Кекшениң ең биік шыңының басындағы наиза ағашқа байланған шейі орамалды атып түсіруі еді. Қыздан дәмелі хан батырларының барлығы да “шіреніп садақтарын шыңға кезегенімен” ешқайсысы сыннан өте алмайды. Шың содан кейін Оқжетпес аталыпты.




Бурабау тау ішінде орманындағы Иманай қайнары

Бір кедей ауылда ақылды парасатты, арманшыл, үлкен күштің иесі батыр өмір сүріпті. Ол жас, өлең айтатын ешқандай қорқуды білмейтін болыпты. Өсе келе айналысындағы кедейшілікті, халықтың көз жасын, қайғысын көреді. Шығыстан және онғустікten ауылға жонғарлар, батыстан – Волга қалмақтары қысым жасады. Дұшпандары ауылдан адамдарды, малдарды айдап әкетіп жатады. Ел ішінде жігіттер қыз-келіншектер үшін өзара төбелесті. Осындай реніштері үшін олар бір-бірінің жайылымдарына зиян келтірді.

Осындай келеңсіз жағдайларға өкпелеп жас батыр ауылдан кетіп, өз бақытын табуға бел буады. Жолда батыр өзге елдің бірнеше әскерлерін жолықтырады. Олар бақытқа жету үшін жердің түбіне жалғыз бару керек емес, қасында жора-жолдас болу керек. Күш біріктіріп, елінді-жерінді қорғасан, сонда бақыт өзі келеді, - дейді. Батыр ешқайсысының сезіне құлақ аспай, өз жөніне кете береді. Алдынан дұшпанның үлкен әскері кездесіп, барлық жолын жауып, қанды шайқас болады. Сонда ғана қанша батыр болса да, жалғыз жолға шығуға болмайтынын түсінеді. Дұшпандарының қолынан дала төсінде мәңті үйқыға кетті. Қазіргі кезде «Жеке батыр» тас бейнесі халық жүрегінде аңыз болып қалды.



Бурабайдагы Үлкен шабакты колінің жағалауы



Кокшетау тауларындағы тік орналасқан гранитті тау жыныстары

2.7 Катонқарағай ұлттық табиғи паркі

Катонқарағай ұлттық табиғи паркі – Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданының аумағында 2001 жылы құрылған. Ауданы 643 мың га, оның 215 мың га-сы орманды алқап, ағаштарының қоры – 24 мың м³, қорықтық аймақ жері 151 мың гектар. Саябақтың пайдаланылатын аумағы – 492 мың га.

Солтүстігінде Қызылқарағай және Қатын жотасынауласа отырып, Ресеймен шектеседі. Шығысында Укекдаласымен (Ресей, Алтай Республикасы) және Қытаймен, онтүстігінде Темірқаба өзенін бойлай Марқакөл қорығымен шектеседі.

- нивальды - теңіз деңгейінен 2800 м биік;
- тундра-шалғынды - теңіз деңгейінен 2000-2800 м биік;
- таулы-орманды - теңіз деңгейінен 1200-2300 м биік;
- орманды-шалғынды-далалы - теңіз деңгейінен 900-1200 м биік.

Жер аумағының қалдық қылқан жапырақты орманы басым орманды ландшафт алып жатыр. Теңіз деңгейінен 4506 м

бiiktikte ornalasqan Cibir men Altaydyq eñ biik shynы - Muztau, odan shygatyn Qyzylqaraqай жотасының тауы мен Бұқтырма мен Берел (Бергіел) өзенаралық biik тауы кіреді. Әріректе Оңтүстік Алтай (eñ biik нүктесі Жанғыртау тауы - 3871 м), Тарбағатай (Хрустальная тауы - 3094 м) және Сарымсақты жотасы (Бұркітауыл тауы - 3373 м) көрінеді.

Ұлттық бак жерінде Мұзтаудағы (Қатын жотасы) Ақ Берел қайнар көзі мен Оңтүстік Алтай жотасының шығыс шеті ornalasqan. Берел қайнар көзінде 30-дан астам мұздық кездеседі. Саябақ жері табиғат және мәдениет ескерткіштеріне бай. Тархан геологиялық қимасы, Рахман бұлағы, мәдени-тарихи ескерткіш болып табылатын Берел сақ корғаны мен Көккөл кеніші, Ұлы Жібек жолының солтүстік алтын тармағы, марал шаруашылығы ornalasqan.

Саябақ жерінің көп бөлігін Бұқтырма өзенінің алабы, оңтүстік бөлігін Қарақаба өзені алып жатыр. Мұнда кең су арнасы 80м бiiktikten құлайтын Көккөл сарқырамасы, Арасан, Кара Берел, Рахман көлдерінін сарқырама тармақтары бар.

Климаты тым континенттік. Жылдық жауын-шашының мөлшері 600-1800 мм аралығында.

Саябақтың жері жануарлар мен өсімдіктер түріне бай:

- сүтқоректілердің 72 түрі, оның ішінде марал, бұлан, таутеке, аю, сілеусін, құну, т.басқалар;
- құстардың 250-ден астам түрі кездеседі. Соның ішінде сирек кездесетін, қорғауға алынып, Қазақстанның Қызыл кітabyна енгізілген ұлар, қара дегелек, т.б. құстар;
- саябақ жерінде самырсын, балқарағай, карагай, шырша, қайың, мойыл, терек өседі. Өте сирек кездесетін, жылдан жылға тарапу аймағы азайып бара жатқан, Қазақстанның Қызыл кітabyна енгізілген 40-тан астам өсімдік түрлері (алтын тамыр, алтай рауғашы, марал тамыр) кездеседі.

2.8 Шарын ұлттық табиғи паркі

Шарын ұлттық табиғи паркі 2004 жылы Алматы облысының Еңбекшіқазақ, Райымбек және Үйғыр аудандарында құрылған. Жер көлемі 93,2 мың га. Ұлттық парк 1964жылдан бері республикалық маңызы бар табиғат ескерткіші ретінде қорғалып келді.



Шарын өзені каньонының антепедентті бөлігі

Шарын ұлттық табиғи саябағы Улкен Бөгеті тау жотасын, Сөгеті аңғары мен шекаралас шөлді жерлерді Шарын өзенінің бойындағы «Қызығылт қамалдар» аңғарын, сол мандағы далалы алқапты және Торайғыр тауы беткейлерін қамтиды. Саябак аумағынан Шарын өзені ағып өтіп, Иле өзеніне құяды. Шарын өзенінетау беткейлерінен басталатын Шалқодесу, Кеген, Қарқара, Кенсу, Орта Мерке, Шет Мерке, Темірлік, т.б. ұсақ өзендер қосылады. Парк ауа райы құрғақ қоңыржай, жауын-шашынның жылдық мөлшері 150 мм-дей.

Шарын ұлттық табиғи саябағында геологиялық ежелгі кезеңдерден сақталып келе жатқан «Қызығылт қамалдар» аңғарының кескін-келбеті өте таңданарлық. Шарын өзенінің миллиондаған жылдар бойы жуып-шаюынан өзен аңғарында ойдым-ойдым қызығылт түсті шатқалдар пайда болған. Дәл осындай табиғаты ерекше шатқал дүние жүзінде Шарыннан басқа тек АҚШ-тағы Колорода штатындаған кездеседі (Улкен каньон шатқалы). Паркта өсімдіктердің 940 түрі өседі, оның 60-ка жуық түрі эндемиктер. Ондағы өсімдіктердің 21 түрі қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» тіркелген. Сүткоректілердің 60,

құстардың 300, бауырымен жорғалаушылардың 20, балықтардың 10 түрі кездеседі. Саябак аумағынан ерте кездерде тіршілік етіп, кейіннен жойылып кеткен жануарлардың (пілдердің, мастодонттардың, мүйізтұмсықтардың, коркау қасқырдың, стенон жылқысының, т.б.) қаңқа қалдықтары да табылған.




Шарын шатқалындағы «Ай ландшафтысы». Бедленд жер бедереi

Оны Улкен Колорадо каньонының (АҚШ) кіші бауыры деп те атайды. Каньонның «Қызылт қамалдар» деген тағы бір аталуы бар. Себебі бұл жердегі үнсіз жатқан алып жартастар өздерінің таңғажайып пішіндерімен таңқалдырады.

«Шарын каньоны» – жаратылсында табиғи кешен. Ол Улкен Колорадоның шағын түрі іспеттес.



Шарын шатқалындағы Ертегілер қамалы



Шарын шатқалындағы колденең орналасқан тау жыныстары

2.9 Сайрам-өгем мемлекеттік үлттық табиғи паркі

Сайрам-өгем мемлекеттік үлттық табиғи паркі 2006 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында құрылған. Оған Тұлкібас, Төле би және Қазығұрт аудандарының табиғаты ен көрікті жерлері енеді. Жер аумағы 149 мың га. Саябақты ұйымдастырудың басты мақсат – Батыс Тянь-Шань тау жоталарындағы ғылыми тұрғыдан құнды табиғат байлықтарын қорғап қалу, қалпына келтіру және республикадағы экологиялық туризмді дамыту.

Саябақ орманды дала биігінен биік таулы алқапқа дейінгі 7 табиғи белдемді қамтиды. Табиғат қорғау жұмыстарының ерекшеліктеріне байланысты жеке 3 аймаққа (корықтық, туристік және шектеулі шаруашылық жұмыстары жүргізілетін) бөлінген. Саябақтың аумағы солтүстіктен оңтүстік бағыт бойынша 135 км-ге созылып жатыр. Саябақ жануарлар әлеміне де бай. Құстардың 300-ге жуық, сұткоректілердің 60-тан астам түрі мекендейді. Өте сирек кездесетін жануардың бірі – көк суыр (қысқаша Мензбир суыры). Сондай-ақ арқар, жабайы шошка, қоныр аю, т.б. жануарлар да кездеседі. Саябақта тұракты түрде “Табиғат жылнамасы” жүргізіліп отырады.

Мұнда өсімдіктердің 1635 түрі кездеседі, оның 35-і эндемиктер. Олардың ішінде 62 түрі Қазақстанның Қызыл кітабіне енгізілген, санырауқұлақтардың 3 түрі, мұқтердің 25 түрі кездеседі. Ғылыми құндылығы ерекше саналатын аршалы орман алқабы бар. Мұндағы ірі аршалардың кейбіреуі 700 жылдан бері өсіп тұргандығы анықталған. Аршаның 3 түрі (балғын арша, Зеравшан аршасы және сауыр арша) өседі.

Шатқалды бойлай, тастак арналар бойымен Біркөлік бұлағы ағып жатыр, оның мөлдіреген салқын сұы шатқалдың жасыл желегіне көрік беріп, ауасын тазартып тұрады. Саябақтағы таудың жасылы, долананың, бөріқарақаттың, итмұрынның, өріктер мен алмалардың ну бұталары, қылқанды ағаштардың молдығы, жайқалған жаңғақ ағаштары мен дәрілік өсімдіктердің аңқыған іісі ауаны фитонцидтармен толтырады.

Омыртқасыз жануарлардың 349 түрі және омыртқалы жануарлардан: жорғалаушылардың 12 түрі, қосмекенділердің 2 түрі, сұткоректілердің 59 түрі, құстардың 300 түрі мекен етеді.



Өгем жотасындағы тау текелер



Өгем жотасындағы шалғындар




Өгем жотасы беткейіндегі түркістан аришалары

2.10 Көлсай ұлттық табиғи паркі

«Көлсай көлдері» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі 2007 жылы Алматы облысының таулы аймақтарында құрылған. Парк территориясында теңіз деңгейінен 1800-3500 метр жоғары өсетін өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, керемет өзендер мен көлдер, қырлы ландшафттар кездеседі. Әлі де болса адамдардың шаруашылық тіршілігі жүргізілмеген ерекше табиғи орта кездеседі. Тапу өзендері, құздар, көлдер мен өзендер түрлі-түсті бояуларға боялған, бұталы өсімдіктер осы аумақтың тартымды және көріктілігін көрсетеді.

Ая-райы жағдайы демалу және сауықтыру үшін ыңғайлы, оған сәйкес қысы жұмсақ, ауасы таза, қыскы демалыс түрлері үшін қолайлы. Көлсай көлдеріне жаяу және атты маршруттармен, ал Қайынды көліне дейін автокөлікпен баруға болады. Сонымен катар, сіздер гидтер мен экскурсовод-нұсқаушылардың қызметін пайдалана аласыздар. Ұлттық парк аумағы біркелкі массивтен құрылған алматы облысының Талғар және Райымбек

территориясында орналасқан. Көлсай өзенінің ағымында үш көл орналасқан: Жоғарғы Көлсай, Ортаңғы Көлсай, Төменгі Көлсай.



Калыңды колі

2.11 Бұйратай мемлекеттік ұлттық табиғи бағы

Бұйратай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі 2011жылы Орталық Қазақстан аумығында орналасқан.

Жаңа құрылған «Бұйратай» ұлттық бағы шамалы құрғақ пен құрғақ жерлер суб-зоналар арасында ауыспалы белдіктे орналасқан және бұл аумақтың қайталанбас мәні далалы жерлер мен орманды жерлердің (қайың, қыршанқы) үйлесіп келуінде. «Бұйратай» бағы Ақмола облысы Ерейментау ауданы(60814 га) мен Қарағанды облысы Осакаров ауданы (28154 га) аумағында орналасқан. Оның жалпы ауданы 88 968 га.

«Бұйратай» ұлттық бағының флористикалық құрамында 450 түрден астам жоғарғы тамыр өсімдіктері бар. Мұнда ботаникалық географиялық түрғыдан маңызы бар Орталық Қазақстан Үстіртінің ерекше флорасының бестен бір бөлігі сақталады.

Флораның құрамында қандыағаш, қырыққұлақ, қалампышөп, көктем жанаңгұлі, жаушымылдық, жабысқақ мысықот, Геснер қызғалдағы сияқты сирек кездесетін және ареалы шектеліп жатқан 30-н астам түрлер кіреді.

Бақтың фаунасына 5 топ және 15 тұқымдастарға жататын сүтқоректілердің 45 түрі кіреді, бұл Қазақстан таксондары санының сәйкесінше 71 % және 39 %-н құрайды. Бақтың аумағында Қазақстанның таулы өлкелерін мекен ететін басқа популяциялардан жекеленген және саны 200-ге жететін арқардың Ерейментаулық популяциясы мекен етеді. Сонымен қатар соңғы жылдары саны 100-ге жететін маралдың акклиматизациясы жөнінде жұмыс ойдағыдай жүргізіліп жатқандығын атап өту керек.

Ұлттық бақтың орнитофаунасы құрамына құстардың 227 түрі кіреді (барлық орнитофаунаның 46 %-ы), олардың ішінде 127 ұялайтын құстар қатарына жатады. Орнитологиялық кешендер қатарынан далалы, бұталы, петрофилді, орманды, шабындық және сулы-батпақты кешендер басым. Бақтың аумағында Қазақстанның Қызыл кітабына енген жалбағай, сұңқылдақ акқу, ақбас үйрек, кәдімгі тұрпан, дала қыраны, тастырна, дуадақ, безгелдек, тарғақ, үкі сияқты ұялайтын құстардың 13 түрі кездеседі. Сондай-ақ Қызыл кітапқа енген шыбын-шіркейдің 17 түрі бар.

«Бұйратай» бағының құрамына оған аттас болатын жергілікті маңызы бар табиғи бақ және республикалық маңызы бар Белодымовск пен Ерейментау атты мемлекеттік табиғи қаумалдар қосылды. "Бұйратай" бағы Теміртау мен Ерментау орман шаруашылығы мекемелері мемлекеттік орман қорының жерінде құрылған. Оның орталық қеңесі Қарағанды облысы Молодежный ауылында орналасады. Қызметкерлердің жалпы саны 94 адам.

Қазіргі кезде 25 ерекше қорғалатын табиғи аймақтар ішінде далалы жерлер «Ыргыз-Торғай» мемлекеттік табиғи резерватында, «Наурызым» және «Қорғалжын» мемлекеттік табиғи қорықтарда (шамалы құрғақ жерлер суб-зонасы), Баянауыл (құрғақ бетегелі дала суб-зонасы) және Қарқаралы (орманды дала) мемлекеттік табиғи бақтарында қорғауға алынған.

3. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОРЫҚТАРЫ

3.1 Ақсу-Жабағылы қорығы

Ақсу-Жабағылы қорығы – Талас Алатауының (Батыс Тянь-Шань) солтүстік-батыс бөлгін және Өгем жотасын алып жатқан Қазақстандағы тұңғыш қорық. Жамбыл облысының Жуалы ауданы мен Оңтүстік Қазақстан облысының Тұрар Рыскұлов ауданы аумағында орналасқан. Қорық Ақсу және Жабағылы атты екі өзенінің арасына орналасқан. Ол 1926 ж. құрылған. Құрамында Қаратаудағы «Қарабастау» (126 гектар) және «Әулие» (100 гектар) телімдері бар. Жерінің ауданы 128118 гектар (2007). Қазір Ақсу-Жабағылы қорығы ЮНЕСКО жасаған дүниежүзілік қорықтар тізіміне енген.

Қорық бірнеше биіктік белдеуде жатыр. Тау өнірінде бидайық, түрлі шептер, боз жусан, жоғарысында селдір арша орманы, субальпі және альпі шалғыны өседі. Одан жоғарысын мұздықтар мен көп жылдық қаржапқан. Ақсу – Жабағылы қорығының жерін Ақсу өзенінің анғары (терендігі 500 м-дей) жарып өтеді.

Өсімдіктер дүниесі әралуан. Онда мүктің 61, қынаның 58, жоғары сатыдағы өсімдіктердің 1400 (дәрі-дәрмектік өсімдіктерден: қылشا, сасыр, иманжапырақ, түйежапырақ, сарыағаш, шәйқурай, талас укорғасыны), техникалық өсімдікten: арша, рауғаш, иткүмық, таран, жеміс-жидектерден: жабайы алма, шетен, шие, қарақат, бұлдірген, жем-шөптік өсімдікten жонышқа, кекіребас, бедебас, түлкікүйрық, көде, сондай-ақ эндемик өсімдіктерден майысқыш қияқ, талас қайыңы, ақшыл сары жонышқа, қаратамыр, томағашөп, қандығүл, реликті өсімдіктерден: жалған масақша, Минквиц кендіршесі, Қаратай сетеңі түрлері бар.

Қорықтың жануарлар әлемі де өте бай: сүтқоректілердің 42 (арқар, таутеке, елік, марал, барыс, Тянь-Шань қоңыр аюы, борсық, сусар, т.б.); құстардың 238 (гималай ұлары, кекілік, сақалтай, бүркіт, қара құтан, бозторғай, сарыторғай, ителгі, шымшық, т.б.); бауырымен жорғалаушылардың 9 (алай жалаңқөзі, сарыбауыр кесіртке, қалқантұмсықты қара шұбар

жылан, сұржылан т.б.), космекенділердің 2 (жасыл құрбақа және көлбақа) және балықтың 2 түрі тіршілік етеді. Омыртқасыз жәндіктердің де алуан түрлері осы өнірде қоныстанған. Ақсу – Жабағылы қорығы – табиғаттың нағыз ғылыми лабораториясы, онда ғылыми-зерттеу жұмыстары үзбей жүргізіледі.

Ақсу-Жабағылы Қазақстанның ең көне қорығы, сонымен қатар Орталық Азиядағы ЮНЕСКО биосфера қорығы дәрежесін алған ең алғашқы қорық. Теніз деңгейінен 1000 м-ден 4280 м аралығындағы биіктікте Тянь-Шань тауларында орналасқан. Негізгі биік аймақтары өзінің таңқаларлық бейнелерімен жартылай шөлелейтер ылғалды жазықтармен алмасып аршалы ормандарына өтеді. Ылғалды даладағы бай жазықтар аршалармен астасып жатқан жіңішке бұталардың өсүіне қолайлы жағдай туғызған. Көздің жауын алатын қатаң қарлы шындардың бактерінде түрлі түсті альпі гүлдері жайлаптың өсінген. Ақсу-Жабағалы сирек кездесетін, тек осы аймақтарға ғана тән өсімдіктер мен жануарлардың отаны. Бұл жерден тау қойын, ешкісін, маралдарды және еліктерді, сілеусіндер мен қар қабыландарын, касқырлар мен түлкілерді, аюлар мен тағыландарды, аккүмістерді таба аласыз. Осы жерлерді сарышұнақтарды да көруге болады.

Құстар әлемі өте бай. Жоғары аспанда мұртты грифтер, грифондар, жыланбүркіт пен алтын қырандар қалықтайды. Тасты жартастардың арасынан тау кекіліктерінің ұяларын, қар арасынан тылсым қар әтештерін кездестіресіз. Жапырақты орман көленкесінде от жалыны тәріздес шыбын ұстағыш қарандайды. Тоқылдақтың ысқырған дауысы сыйбызының әнін еске салады. Күн сәулесі ойнаған жазық далаларында көбелектер ойнайды, арасынан сирек кездесетін Аполло көбелектерін де көруге болады. Өсімдіктер әлемі таңқаларлық. Кішкентай тас ағашы өзінің тамыр жаюымен белгілі. Амарантус Грандифolia өсімдігі бағалы майға толы. Грейг қызығалдақтары тау аланқайларында қызыл жалындай жарқырайды. Қызылтым флокулаларға Қоқанд Моринасының женіл гүлдері жиналады.

Қорық ландшафтысы көркем және тылсым. Жазықтар мен аланқайлар биік шынды тауларға алмасып, жартасты шатқалдармен қылышады. Өзендері терең шатқалдарға құйылып,

ақырған саркырамаларды түзейді. Тұпсіз көгілдір мұздай тау көлдерінде аспан айнадай шағылысады.

Теңіз деңгейінен 3000м биіктікте орналасқан қол жеткізбес ұнғымаларда тастарға ойылып түсірілген көптеген бейнелерден тұратын «сурет галлереясын» табуға болады. Оларда үй және жабайы жануарлар, ежелгі адамдардың аң аулауы бейнеленген.

Ақсу-Жабағылының сазды топырағында палеонтологтар тасқа айналған өсімдіктердің, жәндіктердің, балықтардың және кесірткелердің іздерін тапқан.

3.2 Алматы қорығы

Алматы қорығы – Іле Алатауының орталық бөлігіндегі табигат байлығын қорғау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында 1931 жылы құрылған мемлекеттік қорық. Ауданы 73,34 мың га (1997). Алматы қорығының құрамына теңіз деңгейінен 1400-5017 м биіктікте орналасқан Талғар тау жоталары енеді. Ол 4 биіктік белдеуден тұрады. Оның ормандыдала белдеуінде (1300-2600 м) алма, өрік, долана, қарақат, итмұрын, үшқат өседі. Жабайы жеміс ағашты орман Тянь Шань шыршасынан тұратын қылқан жапырақты орманға (1400-2800 м) аусады.

Ал субальпі белдеуі (2600-3000 м) жартастар мен құламашөгінділерден, шөбі аласа альпі шалғынынан тұрады. Одан жоғары (3800 м-ден биік) белдеуді ұдайы мұзбасқан құздар алып жатыр. Қорықта өсімдіктердің 1300-ден аса түрі кездеседі, оның 112 түрі ағаштар мен бұталар.

Алматы қорығы – жануарлар дүниесіне де бай. Онда сұткоректілердің 40 (барыс, коңыр аю, тас сусар, марал, таутеке, арқар, елік, суыр, тиін, т.б.), құстардың 200-дей түрі (самырсын құсы, шырша торғай, тоқылдақ, бұлбұл, үкі, кептер, қара және сары шымшық, құр, ұлар, қозықұмай, сушыл торғай, арша емен- тұмсығы, т.б.) бар.



Алматы қорығы. Тау беткеіндегі аришалар

Бауырымен жорғалаушылардан: алай кесірткесі, қалқан тұмсықты жылан; косmekенділерден: көлбакд мен жасыл құрбақа кездеседі. «Қалқан» мен «Әнші тау» маңында аңың 43, құстың 85, қосmekенділердің 3, бауырымен жорғалаушылардың 3 түрі тіршілік етеді. Онда кездесетін андардың негізгі түрлері: арқар, қаракүйрық, елік, қасқыр мен түлкі, шұбар қүзен және сасық қүзен, ал құстардан: бөдене, шіл, кекілік, жетісу қырғауылы, тұйғын, жағалтай, құладын, ақбас құмай, тазқара, бұркіт және қыранқара мекендейді.

Қосmekенділерден: жасыл құрбақа, сібір көлбақасы тіршілік етсе, бауырымен жорғалаушылардан: сұр жылан(улы жылан), қара шұбар жылан (усыз) және кесірткелер кездеседі. Қорықта еліктердің саны тиянақты қорғаудың нәтижесінде 500–ден асып отыр. Мұнда елік мекендеуге қолайлы оң мыңға жуық орман алқабы бар. Олар жыл мезгілдеріне байланысты таудың әртүрлі биіктігіне ауысып отырады. Сол сияқты бұл өнірде таутеке де мекендейді.

Мәселен, қорық қызметкерлерінің соңғы жылдары вертолетпен жүргізген есебі бойынша таутекенің қоры 560–тай екендігі анықталады. Таутеке мәнгі мұзға дейін көтеріліп,

жартастар мен күздардың арасында тіршілік етеді. Тек қыста ғана тау етектеріне қарай төмендейді. Сондай-ақ мұнда марал сирек кездеседі. Бұл жерде жыл маусымдарына байланысты арқар да болады. Олар қыс айларында күндіз жайылады да, түнде тығылып жатады. Көбінесе күзгі-қыскы айларда үйір-үйірімен жүреді.

Корық территориясында актөс сусар, орман көркі–актиын кездеседі. Олар шыршалы ағаштардың жаңғағынан және санырауқұлактарды қорек етеді. Кей уақыттарда тау етектеріне түсіп жеміс–жидектермен де азықтанады. Ал суыр тау беткейлерінен ін қазып алып, сонда мекендейді. Әр інді қазып алып, сонда мекендейді. Әр інде 5-10 суыр болады. Күзге қарай қатты семіреді. Күн жылына бастаған кезде қыскы үйқысынан оянады. Мұнда тау суырынан қоры мол. Корықтың шөл және шөлейт аймактарына тараған тұяқты андардың, бірі–қарақұйрық. Бұл аң қебіне ашық далалы, шөлді жерлердің ойлы–қырлы тебешіктерінде, тау етектері мен сайлардағы жер қыртысы неғұрлым қаттырақ жерде тіршілік етеді. Қазіргі кезде ол халықаралық “Қызыл кітапқа” еніп отыр. Сондықтан да олардың саны жылдан–жылға өсіп келеді. Корық жерінде олардың тіршілік етуіне колайлыш жеті мың гектардай жер бар. Бірақ олар жыл маусымдарына қарай қорықпен көршілес жерлерге кетіп қалады да, онда табиғатқа қас адамдардың атқан оғына тап болады.

3.3. Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы

Барсакелмес қорығы Арап теңізінің Барсакелмес аралында 1939 жылы құрылған. Арап теңізі тартылмаған тұста бұл әлемдегі бірегей қорық болатын. Арап сазды, тақырлы, құмды болғандықтан, өсімдіктері де, негізінен, шөл далалық. Қазіргі таңда Арап теңізі тартылғаннан кейін Барсакелмес аралдан күрлікка айналған. Негізгі өсімдігі – сексеуіл. Қорықта қарақұйрық, ақбөкен мекендейді. Қоқтем, жаз айларында құстардың саны мен түрлері көбейеді. Жылқышы, шағала, қаз,

кішкене бозторғай мекендейді. Су жағасында жасыл күрбақалар көп. Далалы аймағында жұмырбас кесіртке мен кекконды ысылдағыш кесірткелер бар. Жабайы аңдар, құстар үшін қысы қолайлы. Қорықтың мақсаты – шөл даланың табиғат байлығын қорғап, қорын молайту.

Арал теңізінің тартылуы, өсімдіктердің азаюы, тұздылығының артуы қорықты мекендейтін ақбөкен, қарақұйрық, құландар үшін өте қауіпті. Осы себебті біраз жануарлар басқа қорықтар мен ұлттық парктеге көшірілген. Теңіздің күргауына байланысты судың тұздылығы нормасынан шектен шықты. Тұщы судың жоктығы малдың өмір сүруін қынданатады. 1982 – 1991 жылдар аралығында 260 астам құландар республиканың басқа қорықтарына ауыстырылған.

Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығындағы сексеуілді орман алқабы 41,5 мың гектар жерге созылып жатыр. Осы табиғи ортаны 25 сүтқоректі жайласа, солардың біреуі дүниежүзілік “Қызыл кітапқа” енген, келесісі Қазақстанның сондай кітабы парактарынан орын алған. Олардың біріншісі – құлан да, екіншісі қарақұйрық. Сонымен қатар мұнда өсімдіктің 354 түрі өссе, оның 14-і эндемик. Құстардың 178 түрі мекен етсе, бұлардың 26 түрі Қазақстанның “Қызыл кітабына” жазылған. Бұдан басқа, 12 бауырымен жорғалаушы мен 2 қосмекенді тіршілік етеді. Бұл жерде сирек кездесетін улы қалқантұмсық жылан да бар. Мұндай бауыры суық бақанактың уы медицинаға аса қажет.

3.4. Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы

Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы Кенді Алтайдың солтүстік-батыс бөлігінде Шығыс Қазақстан облысында орналасқан.

Қорықтың жануарлар дүниесін тайгалық жануарлар: бұлан, марал, елік, құдым, қоңыр аю, құну, сілеусін, бұлғын, сасық күзен, акқалак, қара күзен, кәмшат, тиін, шұбар тышқан, суыр, тұлкі және әртүрлі кеміргіштеркүрайды.

Құстар әлемі алдын ала алынған деректер бойынша 100 аса түрден тұрады. Олардың ішінде Қызыл кітапқаенгізілген: кара дегелек, тундра шілі, бұркіт, акқұрық субұркіт бар.

Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығының кеңесі Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қаласы, Семей қошесі, 10-үйде орналасқан.

Физикалық-географиялық сипаттамасы. Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы Кенді Алтайдың солтүстік-батыс бөлігінде Шығыс Қазақстан облысының Риддер (Лениногор), Зырян, Глубокое (Орталық кеңсе-үй-жайы Глубокое ауданының Риддер қаласында орналасқан) аудандарының аумағында Поперечное ауылының оңтүстік шығысында табиғатты пайдаланудан алынып қойылған жерлерде орналасқан.

Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығының аудандастырылуы Оңтүстік-сібір тау елдерінің Алтай провинциясына жатады. Қорықтың ландшафтық кешеніне Иванов (2800 м), Холзун (2500 м), Көксін (2300 м), Тигирец (2300 м), Линейск (1600 м), Уба (2067 м), Үлбі (2000 м) жоталарының таулы жер бедерлерінің бөлігі қосылады.

Жер бедерінің formasы шығу тегі жағынан тектоникалық, мұздықты және сулы-эрозиялы болып келеді, құрамына сулы алқаптар, тау арасындағы қазаншұңқырлар, алқап тәрізді төмендеулер, сусыма тастар, жартастар, қорымдар, тасты өзендер кіреді. Жоталардың үсті пенепленденген жазық тәрізді, ал кейбір аудандардың құрылу ерекшеліктерін кар, трог, цирк құрайтын ежелгі мұздықтар, сондай-ақ таңғажайып формалар жасайтын гранит қалдықтарына (Желілік бағандар - Тас ертегісі, Шайтан қалашық) қарап анықтаған. Барлық жоталар көркем өзен алқаптарымен бөлінген.

Қорық аумағына өзендердің тарамдалған гидрологиялық жүйесі, мұзды қөлдер, бұлактар, бастаулар, биік таулы батпақтар (Алтайдағы ең ірі батпақ – Гульбище батпағының ұзындығы 6 км, ені 2 км). Қорық аумағында агатын өзендер: Қара және Ақ Уба, Палевая Разливанка, Линейчиха, Үлкен және кіші Тұрғысын және тағы басқалары Ертістің Карск теңізіне құятын жоғарғы бассейніне жатады. Ақ және Қара Уба өзендері қорық аумағынан тыс жерде Батыс Алтайдағы Ертістің саласы болып

табылатын Уба өзеніне барып құйылады. Өзендер көбінесе таудың еріген суымен қоректенеді (40-70%).

Қорық аумағының гидрологиялық жүйесін табиғи қалпында сақтау - жалпы ауданың қалыпты гидрологиялық режимін қамтамасыз ететін негізгі жағдай.

Таулы тайганың құрамына өсімдіктердің жоғарғы белдеуіне жататын: күңгіт қылқанды аралас ормандар, алғаш және субальпі шалғындары, тундра белдеуі. Батыс Алтайдағы ормандардың орман өсіруші мамандар анықтаған 25 түрінің 16-сы қорық аумағында кездеседі. Қорықтың климаты географиялық жағдай мен жер бедеріне байланысты.

Қорық Азия материгінің ең түкпірінде орманды, далалы, шөлді табиғи-климаттық аймақтардың түйіскен жерінде; Оңтүстік Сібір және Орта Азияның әр түрлі таулы аймақтарында, Батыс Сібірдің байтақ жазықтық кеңістігінде, Қазақстан мен Орта Азияның далалары мен шөлдерінде орналасқан. Қорықтың мұхиттан және ашық теңіздерден алыс жатуы оның климатының континентальды болуына, ауа температурасының жылдық ғана емес тіпті күндік деңгейінің құбылмалығына негіз болады. Жазғы маусымда цельсия бойынша +18+24 градус жанға жайлыш ауарайы жиірек болады. Аязсыз күндер 90 күнге дейін созылады. Қыс 220-240 күнге дейін болады. Қантардағы орташа температура цельсия бойынша -17-28 градус. Қар жамылғысының биіктігі 1,5-2,0 метрге дейін, кейде 3-4 метрге дейін жетеді.

Көктемде қар жылдам ериді, көшкін жүруі, қардың опрыслуы жиірек байқалады. Ақ Уба көлінің ауданында жылына 1600-2000 мм-ге дейін қар түседі, кейде одан да көп, 3000 мм-ге дейін жетеді. Жалпы қорық аумағында жауын-шашынның деңгейі бірқалыпты десе де болады.

Аумақтың климаты континентальды жағдайда қалыптасады, бірақ тауда ауа температурасының төмендеуі мен жауын-шашынның, әсіресе, Атлантикамұхитынан келетін ауа массасы үшін ашық батыс және солтүстік-батыс беткейлерде көп болуына байланысты - бұл аудандар анағұрлым ылғалды болып келеді. Сондай-ақ таулы жер бедері атмосфералық ауа айналымы процесінің дамуына әсер етеді және теніз деңгейінің биіктілігіне, жер қыртысының формасына, беткейлердің экспозициясына және жер

беті жамылғысының сипатына қарай өзгеріп отыратын климат жағдайларының әртүрлілігін тудырады. Тауда қалыптасатын ауа массасы өзінің сипаты жағынан жанаса орналасқан жазықтың ауа массасынан қатты ерекшеленеді.

Бұл аумақта жауын-шашынның күшеюін туғызатын фронтальды бөліктердің шиеленісуі болады. Тауаралық қазанщұңқырлармен және кең тауаралық ойпаттармен ауа массасы өздерімен бірге қалың жауын-шашын ала келіп, таудың алыс түкпірлеріне енеді. Әсіресе бұл тұрақсыз атлантикалық ауа массасының енуі кезінде байқалады. Ауа массалары өз жолдарында тау беткейлерімен кезігіп, салқындайды, және бұл да жауын-шашын тудырады.

Жер бетінің әртүрлі жамылғысы (шалғын, орман, шабындық және т.б.) жергілікті ылғал айналымын қалыптастыратын конвективті процестерді тудырады, бұл да өз кезегінде жауын-шашынды қобейтеді. Жыл маусымдарына қарай ауа айналымы процестері де әртүрлі. Суық кезендерде бұл жердің климатында азия антициклонының батыс сілемдерінін суық, бұлты аз, жауын-шашының жоқ деуге болатын бірнеше күн бойы сақталатын ауарайының әсері білінеді. Үлғалдылығы аз солтүстік-батыс және солтүстік артикалық ауа массасының енуі байқалады.

Жылы маусымдарда батыс және солтүстік-батыс бағыттағы циклондардың ені 1 басым болады, онымен атмосфералық шептердің өтуі байланысты. Ауа-райының фронтальды түрінде әдетте бұлттылық қалындағы түседі, ал фронтальды бөлік тау жоталарына жақындаған кезде жауын-шашан болады және желдің жылдамдығы арта түседі. Жазда континенталды процестер күшіне түседі, бұл нөсер жауындар мен ақ жауындардың қобеюіне әкеп соғады. Ауаның тиімді температурадағы жоғарғы ылғалдылығы қорықта тайганың қалыптасуын қамтамасыз етіп, орман және шалғын өсімдіктерінің пәрменді дамуына қолайлы жағдай туғызады.

Қорықтың ландшафты – таулы-тайгалы сипатта болады және қара топырақты, күнгіртқылқанды тайга, субальпілік, альпілік, егістік белдемдер кіреді. Ормандар түзілімдердің 3 сыныбына жатады: жапырақты, күлгртқылқанды, ақшыл қылқанды ормандар. Жапырақты ормандар ағашы кесілген жерлер мен өртендер-

де қалыптасады. Ақшыл қылқанды ормандар үзік-үзік болып негізінен құргақ беткейлерде кездеседі. Қорық аумағына күнгіртқылқанды тайга тән.

Алдын-ала жүргізілген бағалау бойынша қазіргі күні Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығында Алтай ботаникалық бағының жетекші ғылыми қызыметкері биология ғылымдарының кандидаты Юрий Андреевич Котуховтың сипаттауы бойынша 800 түрден аса есімдік өседі. Оның ішінен 45 түр - бұл сирек кездесетін, құрып бара жатқан және жергілікті түр, ал мына 16 түр Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген:

1. Сібір қандығы
2. Сафлор тәрізді рапонтикум
3. Ұсақ торлы жуа
4. Ірі гүлді шолпанкебіс
5. Нағыз шолпанкебіс
6. Телпек сүйсін
7. Алтай раугашы
8. Алтай гимноспормиумы
9. Қызғылт семізот
10. Алтай сұықшөбі
11. Алтай қасқыржидегі
12. Қылтанды дәлен
13. Еуропа орманоты
14. Су қазанақ
15. Ұсақ жемісті мүкжидек
16. Таңдамалы плаун (сушырмауық).

Сондай-ақ көптеген бағалы дәрілік шөпттер өседі: қызғылт семізот-золотой корень, сафлор тәрізді левзей – маральи корень, шай тынтағы - белошный корень, кәдімгі сәлдегүл (таушымылдық) - пион Марьин корень, ұсақ торлы жуа - черемша, колба және көптеген басқа есімдіктер.. Қорық аумағында реликті (көне) қарагайлы ормандар - сібір самырсын қарагайы немесе сібір қарагайы - орналасқан, бұл қорық қорғайтын және күзететін есімдіктер әлемінің ішіндегі қорықтың негізгі байлығы.

Қорықтың жануарлар дүниесін тайгалық жануарлар: бұлан, марал, елік, құдыр, коңыр аю, құну, сілеусін, бұлғын, сасық

күзен, аққалақ, қара күзен, кәмшат, тиін, шұбар тышқан, сұыр, тұлға және әртүрлі кеміргіштер құрайды. Құстар әлемі алдын ала алынған деректер бойынша 100 аса түрден тұрады. Олардың ішінде Қызыл кітапқа енгізілген: қара дегелек, тундра шілі, бүркіт, аққүйрық субүркіт бар.

Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы – бірегей табиғат туындысы және оны қорғау ұлттық және жалпы мемлекеттік міндет. Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығының аумағы табиғатты пайдаланудан алып қойылған жерлерде орналасқан. Бұрын бұл жерлер қорғауга алынып қойылғанға дейін қатты тозып кеткен еді: осы жерлерде басты мақсатқа пайдалану үшін ағаш кесулер және аң терісін дайындау кәсіпшілігі жүргізілген болатын.

Қорық аумағы арқылы Ресей мен Қазақстанды байланыстыратын орман тасуға арналған жол өтеді. Осы жолмен кесілген ағаш тиелген машшиналар тізбегі жүреді. ҚР Үкіметі 2002 жылдан 2004 жылға дейін «Риддер - Алтай Республикасының шекарасы» жолын салу туралы шешім шығарды. Қорық жерінің 87 га алынып қойылды. Және де қорық аумағы екіге болініп қалды. Қорық аумағын кесіп өтетін 22 км жолды жүріп өткенше бірталай көз қызықтырып еліктіретін нәрселерді байқайсыз.

Бір кездері қорық беткейлері мүлдем жалаңаштанып қалған болатын, ал оларды қалпына келтіру - табиғи қалпына келуіне жағдай жасау жаңа-жана қолға алынуда. Қорық аумағындағы тау беткейлерінің тым тік болуы, сондай-ак өте алмайтын бақпақты болуы, қорық ормандарын мүлдем құрып кетуден сақтап қалды.

Адамдардан жапа шеккен жарапты табиғат жарасын емдеп, бұрынғы сұлулығы мен байлығын қалпына келтіруге тырысада. Қазіргі кезде орман жапқан жердің жалпы құрамы 12,5 мың га жерді құрайды (бұл қорық ауданының 20 %). Негізгі орман құрайтын ағаш түрлері:

қылқанжапырақты ағаштар: самырсын қарагайы, майқарагай, балқарагай, шырша, қарагай;

жапырақты ағаштар: қайың, көктерек, терек, шетен.

Көлемі бойынша самырсын қарагайлы ормандар бірінші орын алады - 3184 га, майқарагайлы орман - 2353 га, шыршалы ормандар - 1169 га.

Қазіргі кезде табиғат процестеріне ұзак мерзімді қадағалау жүргізілуде - «Табиғат жылнамасы» жазылады. Қорықта 10 жыл бойы табиғи кешендерге - компоненттерге түгендеу жүргізілмеген, қорықтың эталонды экологиялық жүйесі және шектес аумақтардағы ұқсастықтар анықталмagan. Қорықтың өсімдіктіктер мен жануарлар дүниесіне түгендеу жүргізілмеген, қорық аумағы мен оған шектес жатқан аудандардың генофонды мен экологиялық жүйесін сақтау мен қалпына келтіруге бағытталған ғылыми ұсыныстар әзірленбegen. Іс жүзінде қорықта тіркелген барлық ғылыми жұмыстарды Алтай ботаникалық бағының (Риддер қаласы) жетекші ғылыми қызметкери Юрий Андреевич Котухов істеген және Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығының ғылым боліміне тегін берілген.

3.5 Қорғалжын қорығы

Қорғалжын қорығы – Ақмола облысы Қорғалжын ауданында орналасқан мемлекеттік қорық. 1958 ж. ұйымдастырылған. Оған Теніз – Қорғалжын көлдер жүйесінің біразы енеді (Қорғалжын; Теніз). Жер аумағы 258,9 мың га (2003). Қорық орналасқан аумақта қыста ауаның температурасы $-41 - 42^{\circ}\text{C}$ сүкік болса, шілдеде температура $38 - 39^{\circ}\text{C}$ -қа жетеді. 125 – 130 күндей аязсыз жайма шуақ болады. Жылтына 200 мм шамасында жауыншашын түседі.

Қорықта жоғары сатыдағы өсімдіктердің 331 түрі, атап айтқанда, жусан, көкпек, боз селеу, қызығылт, тобылғы, бидайық, бозшөп, т.б. өседі. Әсіресе, суда өсетін өсімдіктердің 22 түрі мұндағы көлдерге ерекше әсемдік береді. Қорық жан-жануарлар дүниесіне бай.

Мұнда сүтқоректілердің 37 түрі, құстардың 294, бауырымен жорғалаушылардың 3, қосмекенділердің 2, балықтардың 10-нан астам түрлері тіршілік етеді. Сондай-ақ, дала суыры, қоян, күзен, борсық, ақбөкен, т.б. мекендейді.

Қорғалжында 32 мыңдай қасқалдақ, 10 – 12 мыңдай үйрек, аққу, қаз, т.б. құс түрлері ұя салады. Қорықтан ақ құтан, қызыл жемсаулы қарашақаз, тұрпан, қара дегелек, бірқазан сияқты саны

жылдан жылға азайып бара жатқан құстарды кездестіруге болады. Мұнда ұя салатын қанаттылардан гөрі мамырлауға келген құстар саны бірнеше есе көп болғандықтан қорықты Құс базары деп те атайды.

Қорықта дүние жүзінде өте сирек кездесетін – қызылт қоқиқаз бар. Ол Қазақстан жерінде тек Теніз к-нде ұя салып, жұмыртқа басады. Түсі қызылт қанатты қоқиқаздар топталып аспанға көтерілген кезде бүкіл көл айдыны қызыл алау өрттей лаулап, ерекше шұғылаға бөленеді. Сондықтан оны кейде «Қызылқанат» деп те атайды. 1960 жылдары қорықта қоқиқаздың саны 45 – 60 мында болса, 2000 жылдары 10 – 15 мындаған қалды. Халықар. маңызы бар, қорғауға алынған батпақтысулы жерлердің тізіміне Қорғалжын, Теніз көлдері енгізілген. Қорықтағы фауна мен флора толық есепке алынған. Көп жылдан бері «Табиғат шежіресі» құнделігі жазылады. Қазір қорықта экологиялық туризм саласы дамып келеді.

Қорық флорасы гүлді өсімдіктердің 300 түрін құрайды. Ағаштар жоқ, алайда бұталардың 12 түрі бар. Даңада кейде қараган мен тобылғыда кездеседі. Қорғалжын қорығында сирек кездесетін өсімдіктердің 45 түрі қорғалады. Олардың арасында Шренк қызғалдағы, Қазақстанның Қызыл кітабына енген екі түсті қызғалдақ, көкшіл жуа, орал миясы, құмды үмін, дәрілік алтей, қара жусан, ақмия, бозы және дала шатырашы бар.

Қорғалжын фаунасы дала және жартылай шөл дала аймақтарына тән. Мұнда сұтқоректілердің 41 түрі, құстардың 294 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 6 түрі, қос мекенділердің 2 түрі, балықтың 11 түрі бар. Қорықтың омыртқасыздар фаунасы мүлдем зерттелмеген. Қорықта қоңыздардың 300 түрі тіркелген. Қорғалжын көлдері – балықшылардың жұмагы. Мұнда алтын және бозша мөңкелер, шортан, аққайран, линь, алабұға және торта балықтар тіршілік етеді.

Теніз-Қорғалжын өзендер жүйесі Орта Азия – Үндістан және Сібір – Шығыс Африка жыл құстары жолының қылышында орналасқан. Қорғалжындағы жалпы аумағы 260 мың гектарды құрайтын өзендер жүйесі бүкіл Орта Азиядағы құстардың ең маңызды сулы-батпақты мекені болып табылады. 1976 жылы қорықтағы су айдындары «Рамсар» тізіміне енгізілген.

Қорғалжындағы өзендер жүйесі қызығылт қоқиқаз (фламинго) және жоғалуға айналған өзге де сирек құстардың: бірқазан, тырна, савка және тарғақтың әлем бойынша солтүстікегі ең шалғай мекені. Қорықта құстың 294 түрі жұмыртқа салса, суларында балықтың 17 түрі мекендейді. Сондай-ақ мұнда сүтқоректі жануарлардың 41 түрі тіршілік етеді.

3.6 Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы Шығыс Қазақстан облысында, Оңтүстік Алтайдың шығысында Марқакөл қазаншұңқырында орналасқан. Ол солтүстігінде Күршім, оңтүстігінде Азутау жоталарының арасында орналасқан Алтайға тән тектоникалық ойпатты алып жатыр. Көл 1 449,3 метрлік абсолюттік биіктікте жатыр. Ең биік нүктесі – 3304,5 метр (Ақсу-Бас тауы).

Марқакөл қорығы – республикамызда құрылған алтыншы мемлекеттік қорық. Бұл қорықтың ұйымдастырылғандағы негізгі мақсат - маңайда сирек кездесетін бағалы андарды, құстарды, өсімдіктерді және көктемде балық үйлдышық шашатын өзендер арналарын қорғап, сонымен бірге орман мен айдын көлдерін, тау, өзендердің әсем табигатын табиғи қалыпта сақтау.

1976 жылы құрылған. Марқакөл қорығы – Шығыс Қазақстан облысындағы Алтай тауыныň, Азу мен Күршім жоталарының аralығындағы аса әсем Марқакөл шегінде орналасқан. Қорықтың жалпы ауданы 71 мың га, оның 44 мыңын көл айдыны құрайды. Оның 3756 гектары тегіс орман, ал жайылым 21 гектардан асады. Қорық аймағындағы климат қатаң континентті.

Мұндағы Қазақстан аймағы үшін қантардың ең төмен орташа температурасы -26°C , -27°C , кейде аяз- 55°C – қа дейін жетеді. Шілденің орташа температурасы $+14^{\circ}\text{C}$, $+17^{\circ}\text{C}$, ең жоғарғысы $+30^{\circ}\text{C}$ - қа дейін жетеді. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 400 мм-ге жуық.

Марқакөл қорығы – жан-жануарларларға аса бай, көркіне көз тойғысыз Оңтүстік Алтай алқабының биік таулы өнірі мен Марқакөл көлінің табигатын комплексті қорғау үшін

ұйымдастырылған. Марқакөл – Алтайдағы Күршім мен Азу жотасының аралығындағы терең ойпатта шалқып жатқан үлкен, мөлдір сулы, балықты көл. Оның айналасы тасты, орманды тау. Бұл көлге бірнеше өзендер мен бұлатар, жылғалар құяды. Көлдің онтүстік жағалауы жарқабақты, ал солтүстігі - аласа, жазықтау болып келеді. Көлге айналасындағы тау-жоталарынан ірлі-ұсақты 28 өзен құйса, одан жалғыз ғана Қалжыр өзені ағып шығады.

Қорықта көптеген шипалық мәні бар жоғарғы сатыдағы есімдіктер де баршылық. Енді солардың кейбіреуіне тоқталсақ. Самырсын немесе Сібір Қарағайы - жаңғагы жеуге жарайтын өте бағалы ағаш. Көп уақытқа дейін Сібір қарағайын жаңғақ алатын есімдік ретінде кесуге тиым салынып келген. Өйткені оның жаңғағы 65 процентке дейін май береді. Жаңғақ тайгада нанның, еттің, жұмыртқаның орнының ауыстырады. Жаңғақтан сібірліктер жоғары сапалы май және кілегей алған. Сібір қарағайының жаңғағы – ормандағы жан- жануарлардың тіршілік арқауы. Жаңғақ піскен кезде бұл жерге орман тышқандары, барша тышқан, самырсын торғайлары жиналып таласа- тармаса қысқы азықтарын жинаиды.

Самырсын көне заманнан сақталып қалған реликт есімдіктердің қатарына жатады. Тайганың бұл бағалы ағашы көп жасайтын есімдіктердің қатарына жатады. Дәрілік есімдіктерден аралий мен алтын тамыр кездеседі. Жалпы Марқакөл қорығы мен оны мекендеген жануарлар әлемі ерекше қорғауға алынған. Қорықта теңіз деңгейімен салыстырғанда 1400-1500 метр биіктікте бес биіктік белдеуі бар. Таулы тайга белдеуі, тау шалғыны белдеуі, таулы тундра белдеуі және нивальдық (қарлы) белдеу (2800-3000 метр биіктікте).

Қорықтың есімдік жамылғысынан орманда, негізінен, Сібір балқарагайы, шырша, қайың, көктерек өседі. Қорықта жануарлар дүниесі мен есімдіктер түрін сақтау үшін ғылыми жұмыстар жүргізіледі. Қазіргі Марқакөл қорығының табигат байлығын, оның таңғажайып сұлу көрінісін қазақтың көрінекті жазушысы Ж.Аймауытов «Ақбілек» атты романында ерекше атап көрсеткен.

Қорықтың жалпы ауданы 71367 га, оның 26917 га-сын құрғақ жер, ал 44450 га-сын көл алып жатыр. Қорық үш бөлікке бөлінген:

1. онтүстік- таулы- орманды алқап- 6250 га, ол көлдің онтүстік жағалауы мен Азу тауының солтүстік беткейін алып жатыр;

2. Көл жағалауы- 609 га, Тополевка мен Жирен Байтал өзенінің сағаларындағы солтүстік жағалаудың азгантай жерін қамтиды;

3. Солтүстік таулы- орманды алқап- 20050 га, Тополевка, Таутекелі, Тихушка, Сорвенок өзендерінің жергарғы жағында. Құршім жотасында орналасқан. Бұдан басқа Урунхайка өзенінің сағасындағы орталық усадьбаның 8 га жерін алып жатыр. Марқакөл мемлекеттік табиги қорығының айналасы ені 2 км болатын үзік сзықты қорғау аумағымен қоршалған.

Марқакөл мемлекеттік табиги қорығы Шығыс Қазақстан облысында, Онтүстік Алтайдың шығысында Марқакөл казаншұңқырында орналасқан. Ол солтүстігінде Құршім, онтүстігінде Азу тау жоталарының арасында орналасқан Алтайға тән тектоникалық ойпатты алып жатыр. Көл 1449,3 метрлік абсолюттік биіктікте жатыр. Ең биік нүктесі 3304,5 метр (Ақсу-Бас тауы).

Физикалық- географиялық сипаттамасы (табиги аймагы, климаты, гидрологиясы, негізгі ландшафттары, геологиясы, топырағы): Қорық Онтүстік Сібір тауларының құрамына кіретін Онтүстік Алтай тауларының шегінде орналасқан. Таулармен және Орта Азияның шөлді және жартылай шөлді аймақтарымен, Қазақ даласымен және орманды даламен шекаралас орналасқан Марқакөл көлі үнемі олардың әсерін сезінеді және олардың әрқайсының өзіне тән табигаты қорықтың табигатында да өз көрінісін тапқан. Марқакөл мемлекеттік табиги қорығы Онтүстік Алтайдың табигат кешенін, сондай- ақ бірегей алып өзені Марқакөл көлін табиги қалпында сақтау мақсатында құрылған.

Марқакол- Алтайдың ірі су қоймасы. Көл созылған сопақша формалы, солтүстік шығыстан онтүстік батысқа қарай созылып жатыр. Су жинайтын бассейнінің көлемі 1180 кв. км құрайды. Көлдің ұзындығы- 106 км, ені- 6-19 км, ауданы- 455 кв. км,

жагалауының ұзындығы- 106 км, көлдің орташа тереңдігі- 14,3 метр, максималды тереңдігі- 24-27 метр. Көлдің шарасында 6,5 кубометр су жиналған.

Марқакөл көлінен басқа қорықтағы негізгі қорғау обьектілері, олар – Солтүстік Сібір таулары үшін қалыпты болып саналатын биік таулы ауданның балқарағайлы, самырсынды және шыршалы ландшафттары; Марқакөлге ғана тән майқан, хариус, талмабалық, теңгебалық түршелерінің жергілікті бірегей балықтар әлемі, құрамына біздің республикамызда, тіпті дүние жүзінде сирек кездесетін және құрып бара жатқан түрлердің көптеген қатары кіретін бай және сан алуан құстар мен сүт қоректілер.

Марқакөл көлінің пайда болуы алъялік тектоникалық циклдің ширек ғасырлық кезеңіндегі мұз дәуірімен байланыстырылады. Ол дәуірде жоғары көтерілудер мен жарылуардың нәтижесінде қазіргі жоталар мен тауаралық ойпаттардың өзіндік жүйелері пайда болды. Олар кейіннен мұз қатулардың әсеріне ұшырады. Мұның іздерін Күршім жотасының су айырықтарынан анық байқауға болады.

Марқакөл көлінің қазаншұңқырына орташа таудың бөлшектенген, сүйір шынды, тік беткейлі тау бедері тән. Тау беткейлері терең өзен алаптарымен кесіп етілген. Күршім тау жоталарына таңқаларлық тау жұрнақтарынан құралған жартасты шындар мен тау айдарлары тән. Көптеген таулардың ұшар бастары ірі сусыма тас сынықтарымен жабылған, олар тастан құралған «өзендермен»- курумниктермен тау беткейінен төмен қарай түседі. Жотаның солтүстік-шығыс бөлігі ірі үзік- үзік шатқалдармен, каньондармен бөлінген. Ал бұлардың ортасында төменде таңғажайып әдемі көкпеңбек альпі көлі жатыр. Азу тау мен Сорвентовский белок жоталары үшін су айырықтарының бастары тегістелген, күмбез тәрізді жоталы тау бедері тән. Су айырықтар кей жерлерде бөлек- бөлек жартастары бар, кейде маңайы шашылған шойтастар мен плиталарға толы тегістелген жер не жазық сипатты болып келеді.

Мұнда альпі щалғындығы мен тау тундрасы анағұрлым байсалды көрінеді, ал қалың өргежейлі қайындар мен талдардың орнын аршалар басқан. Тау жоталарының баурайы төменде тау

өзендері мен бұлактары ағып жатқан терең тайга бөлшектерінен тұрады және анағұрлым тік. Көлдің жағалауы батыста, солтүстікте және солтүстік- шығыста ені 1-2 км көл айдынын құраса, ал онтүстігі мен онтүстік- шығысында Азу тау жотасы көлге кіріге жанасатындықтан анағұрлым жіңішке болып келеді. Тау жоталарынан көлге келіп түсетін салалардан пайда болған мүйіске ұқсас жерлер осы өлкеге тән көрініс.

Климаты континенталды, қары қалың, қысы қatal, ал жазы қоңыржай жылы болады. Марқакөл- Қазақстанның ең суық ауданы: ең төменгі температурасы – 55 градусқа дейін төмендейді (Орловка ауылының маңайы). Бұл жерде Онтүстік Алтайдағы жылдық ең төменгі орташа температура тіркелген (-4.1 градус), қантарда орташа температура 25.9 градус болғанда, шілде айының ең төменгі орташа температурасы 14.1 градус. Жазда температура 29 градусқа дейін көтерілсе, қыста -40-44 градусқа, кейдік – 53 градусқа дейін төмендейді. Құндік орташа температура 0 градустан жоғары деңгейде 162 күн, ал 0 градустан төмен деңгейде 203 күн тұрады. Аязсыз кезең- 60-70 күн. Урунхай ауа-райын болжау жөніндегі постың деректері бойынша көпжылдық орташа температура 0 градустан жоғары деңгейге ауысатын күн- 5 мамыр.

Жылдық жауын- шашын мөлшері 321-ден 731-ге дейін ауытқиды. Айлық абсолютті ең жоғарғы жауын- шашын мөлшері 110-120-ға дейін жетуі мүмкін. Жылдың суық кезінде (15 қазаннан 5 мамырға дейін) 230-266 мм жауын- шашын жауады. Алғашқы қар қазан айының бірінші онкүндігінде байқалады. Тұракты қар жамылғысы қараша айының бірінші онкүндігінде, ал кей жылдары қазанның аяғында қалыптасады. Қардың орташа қалындығы 40-70 см, ал кей жылдары 150 см- ге жетеді. Қар 160-170 күн жатады. Өзен жағалауларында қар әдетте мамыр айының бірінші онкүндігінде, тауда- мамыр айының аяғында- маусым айының басында кетеді. Қар мамыр айының екінші онкүндігіне дейін жаууы, кейде тіпті тамыз және қыркүйек айларында басталуы мүмкін.

Жел көбіне онтүстік шығыстан соғады. Бір жылда соғатын қатты жылдар мен дауылдардың саны 6-дан 12-ге дейін. Ең қатты жел- жергілікті шүмек желі. Ол кейде көктемде және жазда

Марқакөл көлінің бетінде толқындарының биіктігі 1-2 метр болатын дауыл тудырады. Келесі бір жел-жергілікті жерде тихушка деп аталады. Ол оңтүстікten соғады, көл бетіне қобалжу тудырады, жергілікті ырым бойынша- бұл ауа-райының өзгеретінін білдіреді. Анда-санда темірбек және маральник атты қатты дауылды желдер соғады. Кешкі және тұнгі солтүстік желі-уринхай желі жыл бойы солтүстікке қарай үнемі соғып тұрады.

Жағалауы аз тілімделген, ирек сзықты, кей жерлерінде аздал шығып тұрган мүйістері мен кішкентай бұғаздары бар. Жағалауы көбіне лайлы, батбақты, сонымен қатар малта тасты, қойтас тасты және құмды. Жағасында қалың талдар, шоқ қайындар, шыршалар өседі, кей жерлері батпақ және жанаса жайласқан шалғынды кеңістік болып келеді.

Марқакөл көлінің түсі өзінің әртүрлілігімен және әдемілігімен таң қалдырады: ашық күндері көл көк немесе көгілдір, ауа-райының өзгеруіне байланысты қара сұр немесе күміс реңдес түске енеді. Көл шарайнасы күні бойы әлденеше рет өзгереді. Келдің суы ультратұщы, өте жұмсақ, аздаған қышқыл, кальций тобының гидрокарбонат класына жатады.

Қыста көл қатады. Мұз құрсауы қазан айының екінші онкүндігінде пайда болады, мұз қататын орташа уақыт- 20 қараша. Қалжыр өзенінің бастауы қыста қатпайды, ал қыс жылы болғанда Марқакөл көліне құттын кейбір тау өзендерінің арнасы қатпай қалады. Мұздың қалындығы 60-120 см-ге жетеді. Көл мұздан мамыр айының бірінші онкүндігінде ашыла бастайды, ал толығымен мамыр айының аяғында ашылады.

Көлге 95 ағын сулар келіп құяды, ал Қара Ертістің негізгі саласы болып саналатын жалғыз Қалжыр өзені (ұзындығы 128 км) ағып шығады. Көлге құттын өзендердің ішіндегі ірілері- Тополевка- 23 км, Төменгі Еловка- 9,5 км, Матабай- 7,5 км, Жирен- Байтал- 7,5 км және онша терең емес (1-3 метр) және қарқынды жылдам ағысы бар кішкентай өзендер құяды. Әдетте бұл тау өзендерінің жоғарғы ағысында сарқырамалар болады.

Марқакөл ойпатының топырақ қабаты тік белдеулікпен сипатталады. Шалғынды- далалы белдемде шалғынды- шымтопырақты сілтісіздендірілген және орманды- шалғынды

топырақ (шығыс жағалау), сондай- ақ қаныққан қара топырақ тәріздес шалғынды орман топырағы көп. Жағалауда шалғынды- батпақты және жайылма сулы-шалғынды топырақ араласқан әртүрлі батпақты топырактар көп кездеседі.

Жер бетіне жақын жатқан жер асты сулары учаскелерінде батпақты шымтезекті-қопалы топырақ қалыптасады. Таулы- орманды белдемде таулы-орманды, әлсіз және жабық күлгінденген таулы-шымтопырақты, шалғынды онтүстік және қара топырақ тәріздес таулы- орманды топырақ қалыптасады. Таулы-шалғынды белдемде альпілік шымтезекті, күлгінденген, толық қанықпаған (онтүстік беткей бойынша) таулы- шалғынды субальпілік топырақ жақсы қалыптасқан. Таулы- тундралы белдемде таулы- тундралы күлгінденген және әлсіз және ірі қарашибірік топырақ басым болып келеді.

Қорықта жота баурайларын алып жатқан, кейде көл жағалауына дейін түсетін балқарағайлы және самырсынды ормандар қалыпты жағдай. Ормандар үшін анық байқалатын экспозициялық орайластық тән. Тайга ормандары тәрізді анағұрлым қалың ормандар солтүстік және батыс беткейлерде, сиректеулері- шығыс, аздары- онтүстік беткейлерде орналасқан. Ормандар жеміс бұталарының көптігімен, қалың биік шөптерімен және бұзылмаған табиғи қалпымен таң қалдырады. Жота беткейлерінің су айырықтарында шөптерге бай субальпілік шалғын жақсы дамыған. Шөптердің ішінде көптеген марал тамырлары- сафлор тәрізді левзей, сондай- ақ Алтай тұрғындары арасында аса жоғары бағаланатын халықта қызыл тамыр аталағын тыннатақ көп кездеседі.

Өзендер мен бұлақтардың тасты арналарында өзінің қасиеті жағынан қырышығыстық женышеніге (тамырдәрі) үқсас атақты алтын тамыр- қызғылт семізот кездеседі. Таулы тундрада тал мен қайындан өсіп шыққан таңқаларлық «ергежейлі ормандар» кең тарапған. Қарлы шындарда жаз уақытында да қыс тынысын сезуге болады, ал тау етегінде көктем патшалығында болып, алғашқы тау жауқазының гүл ашуына күә болуға болады. Осы жерден көз тартарлық Алтай тауларының панорамасын және Алтай тауларының тәнірі- Мұзтау тауын көруге болады.

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының аумағы Оңтүстік Алтай таулы және орманды- шалғынды дала аймағының орманды- шалғынды дала орташа және биік таулы геоботаникалық ауданының шегінде жатыр. Қазақстанның оңтүстік далалары, Орта Азияның жартылай шөлейттері және Оңтүстік Сібірдің тайга ормандарының шекералас болуы, таулы жер бедері, әртүрлі климаттық жағдайлар қорықтың өсімдіктер әлемінің өзінше ерекшеле және бай болуына әсерін тигізді.

Қорықта 1000 аса жогары сатылы өсімдіктер, оның ішінде 12 түрлі ағаш және 22 түрлі бұта бар. Шөптесін өсімдіктер ішінде көпжылдық өсімдіктер басым болып келеді. Қорықтың өсімдіктер әлемінен 14 экологиялық топты атауга болады. Мезофит тобы көп, өсімдіктердің жақсы білінетін биік таулы белдемі психрофиттердің санының көп болуына себебін тигізді. Өсімдіктер әлемінің гидрофиттер мен гигрофиттердің болуы ірі су қоймасының ашылуымен байланысты. Петрофиттер жартастың жалаңаштануымен, а ксерофиты және мезофиты- оңтүстік далалы беткейлермен ұштастырылады.

Қорықта тарапу аумағы қорықпен ғана шектелген өсімдіктердің жергілікті түрі жоқ. Бірақ мұнда алтай рауғашы, алтай үқорғасыны, қызығылт семізот- алтынтаамыр, қазоты сияқты алтайлық жергілікті түрлер өседі.

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы аумағында 5 биіктік өсімдік белдемі байқалады:

1. Шалғынды дала
2. Таулы- тайгалы
3. Субальпілік
4. Биік таулы
5. Егіндік

Шалғынды дала белдемі- теңіз деңгейінен 1450-1600 метр биіктікте, жиматарғақ, тұлкіқүйрық, шалғындық атқонақ, құрғақ айрауық және басқа астық тұқымдас әртүрлі шөпттері бар көлдің жағалау жолағымен ұштасады. Шөп жамылғыларында жіңішке жапыракты куренют, Лобель тамырдәрісі, көкшіл сүр қоянбұршақ, тілік балдырған, кәдімгі маралоты және басқа өсімдіктер кездеседі. Шөптің биіктігі 0,5- 1 метр. Қалың бұталарды татар ұшқаты, орташа тобылғы, тікенекті итмұрын

құрайды. Оңтүстік беткейлерде кәдімгі бетеге, шалғындық атқонақ, даға қоңырбасы, будан бөзкілем, коптамырылар сарғалдақ және басқа өсімдіктердің бетегелі- шалғынды топтары таралған. Таулы беткейлерде тошала, сібір бөріқарақаты, жуалар- қыржуа, желілік және қызғалдақ тәрізді, алтай раугашы өседі.

Кектемде оңтүстік беткейлерде даға шұғылығы, алтай шырышы, ашық құндышшөп және ала құлтелі қызғалдақ гүлдейді. Таулы- тайгалы белдемде-теңіз деңгейінен 1450- 1900 метр биіктікте балқарағайлы орман көбірек. Негізгі орман құрайтын түр- сібір балқарағайы. Қорықта балқарағайлы орманның 19 түрі бар. Олар қорық аумағының 20%-н алып жатыр және орманды аймақтың 61 %-н құрайды. Балқарағайлардың орташа жасы 160 жыл, ағаштың орташа биіктігі 20-30 метр. Ағаш құрамын құрауға қотыр қайың, бірен- саран сібір самырсыны қатысады. Орман маңында татар бөріжидегі, Мейер қарақаты, кәдімгі таңқурай, орташа тобылғы, тікенекті итмұрынның қалың бұталары өседі.

Шөп жамылғыларында жиматарғақ, жіңішке жапырақты қүреңот, кәдімгі сәлдегүл және басқалар бар. Ылғалды жерлерде Лобель тамырдәрісі өседі. Қалың шөптің биіктігі 1-1,5 метр, қалың шөп жамылғысы 80-90%- ды құрайды. Солтүстік беткейлердің жоғарғы белігінде балқарағай, қотыр қайың, көктерек пен сібір шетені араласа орналасқан сібір самырсынынан тұратын күнгірт қылқанды орман кең тараған. Таза самырсын ормандары азғантай жерді- бар- жоғы 1%- ды алып жатыр және тік солтүстік беткейлердің жоғарғы белігінде орналасқан. Ағаштардың негізгі құрамын сібір самырсыны құрайды, ал сібір шетені, қотыр қайың толықтырады. Ағаштардың биіктігі 20-25 метрге жетеді, орташа жасы 90-100 жыл. Ағаштың ұшарбастаның жанасу көрсеткіші 0.8-0.9. Орман маңайындағы бұталар нашар дамыған және оны алтай ұшқаты және мейер қарақаты құрайды. Сирек және аласа шөп жамылғысы (жабылуы 15-20%) қияқөлең, ақ гүлді қастамак, ботагөз, көк сүр қоянбұршақтан тұрады. Жасыл мүктөр қалың жамылғы құрайды. Орманның жоғарғы шекараларында (1900 метрден жоғары) тасты беткейлерде сібір самырсыны жатаған болады.

Марқакөл көліне құятын өзендердің алабында және оның жағалауында таулы- алапты шыршалы ормандар кең тараган. Негізгі орман құрайтын ағаш сібір шыршасы және оған сібір майқарағайы, сібір самырсыны, қотыр қайың қосылады. Ағаштардың биіктігі 20-30 метр. Мұнда әрдайым қаракөлеңке, дымқыл және тыныш. Топырақты күрең- жасыл мұктер, қияқөлең, қыналар, қырықбуындар мен сушырмауықтар жауып жатады. Құлаған ағаштар (жел құлатқан, дауыл құлатқан) ағаштар көп. Орманның маңы онша өспеген, қара және Мейер қарақаты, алтай ұшқаты кездеседі. Ағаштардың бұталарынан түтеленген сабалақ сұр қыналар салбырап тұрады. Бұл ормандардан әдемі солтүстік орхидеяларын: жапырақсыз орашық, үш сыздық маржантамыр, Фукс және балтық сүйсіндерін көруге болады. Марқакөл мемлекеттік табиги қорығының аумағы арқылы самырсын қарағайының онтүстік таралу шекарасы өтеді. Сондықтан ол бұл жерде сирек.

Субальпілік белдем-теңіз деңгейінен 1900- 2000 метр биіктікте, биік шөпті альпі шалғындарымен танымал. Шөптің қалындығы 50 см-ден 100 см-ге дейін, топырақты жабуы 70-80%. Осы жерге тән өсімдіктер: ірі жапырақты сарғалдақ, онтүстік сібір тынтағы, ақ гүлді қастамақ, Флоров шұбаршөбі, жалпақжапырақты шұбаршөп, әртүрлі жапырақты тікенқурай, сафлор тәрізді рапонтикум және басқалар. Биік таулы белдем-теңіз деңгейінен 2000- 3000 метр биіктікте, бұл белдеуге альпі шалғындығы мен тау тундрасы аймағы кіреді. Аласа шөпті альпі шалғындығы өте әдемі. Астық тұқымдастар мен ашық көгілдір теңбіл қияқолендердің арасынан шөмішгүл, ірі гүлді жыланбас және ірі жапырақты шерменгүл, ашық қызыл сары алтай күнгелдісі, сары сарғалдақ, алтай шегіргүлі мен ашық бұтақты көкнәр, онтүстік сібір тынтағы және қандыгүл көзге түседі. Бұлардың бәрі 10 см-ден 20 см-ге дейін ғана болатын аласа шөптегер. Тауға қарай биіктей түскен сайын өсімдіктер де климаттың қатал жағдайына сай бейімделе өседі. Олар жерге төсөліп жабыса түсіп жастықша тәрізді әртүрлі форма құрайды.

Биік таулы тундра-альпі шалғындығынан жоғары басталады. Қорықта арасында алтай шегіргүлі, алтай сарғалдағы және басқалары бар мүгі, қынасы басым мүкті-қыналы тундра,

дөңгелек жапырақты қайың мен ергежейлі талдары (0,5 метрден 1,0 метр биіктікке дейін) бар бұталы (аласа қайынды) тундра, арша теңбілдері бар шөптесін тундраның әртүрлі құрылымдары кең тараған. Су айырықтарда таулы тундра тараған. Өсімдіктер жаппай жамылғы құрамайды, шығыр тасты және тасты участеклердің арасында теңбіл-теңбіл болып орналасады. Мұнда төрт тұқымды семізот, сібір тасжарғаны, әсем кесте жусан, сібір тасшүйгіні өседі. Егіндік белдемі- 3000 метрден жоғары, Күршім жотасын алып жатыр. Жоғары өсімдіктер жоқ. Тастар мен жартастардан аздаған қыналарды байқауға болады.

Марқакөл табиғи қорығындағы суда өсетін өсімдіктердің айтсақ, Марқакөл көліндегі суда өсетін жоғары өсімдіктердің 30-дан аса түрін атауға болады. Жағалау белдеуін қамыс тәріздес субидайық, қарақошқыл айрауық, торсылдақ қияқ, мұрын қияқ, батбақ зиягулі, бірдей тұлкіқүйрық және басқалары құрайды. Таяз суда өзен қырықбуыны, батбақ келтебасы, жалпақ жапырақты қоға, улы утамыр, кіші балықот өседі. Теренірек жүзгіш жебежапырақ, үш құлақты балықот, масақты егеушөп аймағы басталады. 0,5- 1,0 метр теренідікте қос мекенді самалдық кең тараған. 1-1,5 метр теренідікten қамтыма сабақты, жүзгіш, жылтыр шаландардың, шоқ болбырдың таралу аймақтары жақсы байқалады. Көл айдынының барлық жерінде батырылған мүйізжапырақ кең тараған. Қорықта азықтық, дәрілік, тағамдық, балшырындық, техникалық, эфир майлы өсімдіктер түрлерінің көбі өседі.

Мұнда әртүрлі дәрежедегі Қызыл кітаптарға енгізілген өсімдіктерден қар дәуаяғы, сібір қандығы, сафлор тәрізді рапонтикум (марал тамыры), дала шұғылығы, қызғылт семізот (алтын тамыр), алтай рауғашы, әртүрлі жапырақты қызғалдақ, сабақсыз бипан, жапырақсыз орашық қорғалады. Қорықта Алтай жергілікті түрлерінен жіңішке жуа, алтай рауғашы, ашық құндызышөп, гажап тегеурінгүл, алтай уқорғасыны, алтай сарғалдағы және ірі жапырақты сарғалдақ, сүық семізот, сабақсыз бипан және қазоты өседі. Қорық аумағында көптеген бағалы түрлер: марал тамыры, алтын тамыр, тынтақ, дала шұғылығы, кәдімгі сәлдегүл немесе кәдімгі шұғылық, жұқа жапырақты бадан, алтын шоқсары, кәдімгі киікоты, шілтер жапырақты

шайқурай, қара жидек, итбұлдірген (қызылжидек), итмұрын және басқа да есімдік түрлері өседі.

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының жануарлар дүниесі де әртүрлілігімен ерекшеленеді. Әсіреле қазіргі кезде де аз зерттелігендердің қатарында қалып отырған омыртқасыздар әлемі сан алуан. Қорықта сирек кездесетін әдемі көбелектер-аполондар және махаондар, сондай-ақ алқызыл көбелек, ақкөбелек, ошаган көбелегі, қалақай көбелегі, қарала көбелек, көккөбелек, перламутрлы көбелектер және басқалары кездеседі.

Омыртқасыздардың су фаунасы әжептәуір зерттелген: қалқыма су организмдерінің 60 түрі, су тұбі организмдерінің - 136 түрі, түңзі су малюскаларының- 11 түрі ұсынылады. Қос мекенділердің ішінен сүйіртұмсық бақа, анда- санда кәдімгі құрбақа кездеседі. Бауырымен жорғалаушылардан кәдімгі сұржылан көп. Дымқыл шоқ қайынды, шыршалы ормандарда және мұкті майқарагайлы ормандарда тірі туатын кесіртке, далалы тау беткейлерінде сүр кесіртке кездеседі.

Марқакөл көлінде түршелік деңгейдегі жергілікті түрге жататын 4 түрлі балық мекендейді. Сібір майқаны- Марқакөл тарихының бүкіл бір дәуірінің символы және қорықтың эмблемасы болып саналады. Балықтың көптігінің және ең алдымен сібір майқанының (ускуч) арқасында өзен маңайына қоныстану басталда. Алтайда сібір майқаны «ускуч» деген атпен танымал (бұл түрлі тіліндегі атаудың шығу тегі қазіргі күнге дейін жұмбақ болып келеді). Ұылдырық шашатын орындарда майқан пен хариусты (қарауыз) бақылаусыз және жыртқыштықпен аулау олардың қорының азаюына және балық шаруашылығының жаппай құлдырауына әкеліп соқты. Майқан негізінен көлдің тереңдеу жағын мекендейді. Мамыр айының басында майқандар мен хариустар тау өзендері мен ірі бұлақтардың сағаларында жиналады және ұылдырық шашу үшін олардың бас жағына қарай жанталаса жоғары өрлейді.

Қорық өзендерінен қазірдің өзінде ұзіліссіз жоғары өрлеген балықтар легін көруге болады. Өзен арналарының жінішке жерлерінде майқандар бір- біріне жақынырақ жүзіп, суды шапшыта қайрандардың бірінен соң бірінен өтеді. Осындағы жерлерде, әсіреле сарқырама шұңқырларында, жағалаудағы,

құлама үйінділердегі шайынды суларда балықтар көп жиналып қалады, тіпті қиналмай қолмен ұстап алуға болады. Кейде олар осы құлама үйінділерден, шұңқырдан шұңқырға, шұңғымадан шұңғымага өтіп суы аз бұлақтармен ұрпақ жалғастыру үшін өздерін өлімге тігіп жоғары өрлейді.

Қызықтылығы жағынан осы түрден кем емес екінші жергілікті түр-хариус (қарауыз). Бұл- сирек кездесетін әдемі балық. Оның түрі ашық түрден қою түрге дейін өзгеріп тұрады, күміс қабыршақты, екі бүйірінде ұзынныңан ұзак теңбіл таңбалары бар. 1 Жастан 6 жасқа дейінгі хариустың ұзындығы 12-36 см, салмағы 21-480 грамм, кейде 700 грамм болады. Хариус негізінен көлде өмір сүреді. Тек уылдырық шашатын кезде майқап сияқты ұрпақ жалғастыру үшін жоғары жаққа қарай өрлейді. Өсімталдығы өте жоғары, 900- 4100 уылдырық шашады. Көлде талма балықтар да кездеседі, бұл- ұзындығы 5-22 см, салмағы 80 грамга дейін болатын қызық және жұмбақ балықтар. Олар көбінесе су түбінде өмір сүреді және түнгі уақыттарда жүзеді. Марқакөл талмалары бір- бірімен дене құрылышы және өмір сүру дағдыларына сәйкес ерекшеленетін екі нәсілден тұрады. Жай өсетін нәсіл негізінен өзендерді және көлдің суы аз шығанақтарын мекендейді, ал тез өсетін нәсіл терең суларды мекендейді және өзендерге тек уылдырық шашу үшін келеді.

Көлде теңге балық көп. Ұсақ теңге балықтардың арасында ұзындығы 17 см және салмағы 70 грамға дейін ірілері де кездеседі. Маусым- тамыз айларында таяз суларда, жақсы жылынатын шығанақтарда уылдырық шашады. 1971 жылғы тамыз айында европа бақтақ балығын (патша балық) жерсіндіруге әрекет жасалды, бағымызға орай ол Марқакөл көлін жерсінбеді.

Қорықтың сүт қоректілер фаунасы сан алуан, құрамына 55 түр кіреді. Жәндік қоректілердің ішінен шалғындар мен орман алаңқайларын мекендейтін алтай көртышқаны, өзендер мен көлдерде өмір сүретін кәдімгі су жертесері және 6 түрлі түнде жүретін кішкене андар- жертесерлер кездеседі. Жарғанаттар (қолқанаттылар) қорықта өте сирек. Кәдімгі құлақты жарқанат, ымырт жарқанаты, Бранд жарғанаты бірен-саран және

қазаншұңқырдың кей жерлерінде ғана кездеседі. Тек су жарқанаттарын ғана көл жағалауларынан ымырт кезінде жиі көруге болады.

Ақ қоян қорық ормандары мен талды өзен жайылмаларын мекендейді. Корегін жағалаудағы және жайылма сулардағы қалың талдардан табады. Кейінгі кезде ақ қояндар санының 15 жылдық интервалмен тоқырауы байқалады. Бік таулы аудандардың шойтасты сусымаларында шақылдақ тышқандар мекендейді. Олар тақтатастар мен қойтастардың санылауларында өздеріне қысқа әртүрлі альпі шөпттерінен кішкентай шөп шөмелелерін дайындайды.

Қорықта кеміргіштердің 20 түрі мекендейді. Қылқанжапырақты ормандарда тұн аңы-ұшар тиыны кездеседі. Барлық ормандарды мекендейтін кәдімгі белка мұнда алтай түршесі ретінде танылған және өзіне тән жаздық қара түсі бар. Шұбар тышқан- кәдімгі қарапайым түр және негізінен қылқанжапырақты ағаштарды мекендейді. Сұр суыр Құршім жотасының альпілік және субальпілік аймақтарын мекендейді. Орташа таулы аймақтарда тиын тобының тағы бір өкілі ұзын құйрық суыр мекендейді. Алтай сұр тышқаны - Онтүстік Алтайлық жергілікті түр- қазіргі кезде бұл жұмбак аңының биологиясы жан- жақты зерттеліп жатыр. Атжаман тұқымдастардан қызыл тоқалтіс, қара тоқалтіс, кәдімгі тоқалтіс, су тоқалтісі, су тышқаны көп. Олар әртүрлі ормандарда, шалғындарда және бұлақтар мен өзен жайылмаларында мекендейді. Биіктаулық жалпақбас және үлкенқұлақ тоқалтістер жартастар мен тас шашылымдарынан бастап жалаң далаларға дейін мекендейді. Тоқалтістердің, сондай- ақ дала, орман, шығыс азиялық тышқандардың санының көбеюіне тауды ауданның климаты, сондай- ақ жыртқыштардың, әсіресе сусар тұқымдастардың қысым көрсетуі кедергі жасайды. Қорық үшін қалыпты кеміргіштердің ішінен алтай бұраубасын (моманай) атауға болады, олардың індерінің шығар аузына шығарылып тастаған топырақ үйінділерін жағалаудың шалғынды аудандарынан бастап альпілік аудандарға дейін байқауға болады. Кәдімгі атжаманың індері сирек кездеседі.

1952 жылы көлге су тышқаны (ондатр) жерсіндірілді. Аңдар тез көбейді және 1970 жылға дейін кесіп етілді. Бірақ көл деңгейінің ауытқуына, қанағатсыз кәсіпшілік етуге байланысты және су тышқаны мекендейтін жерлерде оның нағыз қас жауы американ қара күзенінің пайда болуы су тышқанының мұлдем азайып кетуіне себеп болды.

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығында жыртқыш аңдардан қоңыр аю мекендейді. Қорықта аюға қарағанда қасқыр анағұрлық сирек. Негізінен жазда, қорық маңайында қой отарлары өріске шыға бастағанда пайда болады. Қасқырлар күзгі- қысқы азық іздеу кезінде қорыққа кіреді. Қорықта сусар тұқымдастар көп кездеседі. Аққіс, аққалақ, ақшыл күзен, борсық, сарғыш күзен, сасық күзен, бұлғын үнемі мекендейді. Анда-санда құнуды көруге болады. Көлге құятын кейбір өзендердің сағасында кәмшат өмір сүреді. 70-жылдардың басында Марқакөл көлінің бассейнінде Бұқтырма өзенінің алқабынан ауып келген американ қара күзені пайда болды. Қазіргі кезде бұл аңның көл мен оған келіп құятын өзендердің жағалауын мекендеуі қалыпты жағдайға айналды.

Марқакөл қазаншұңқырының аймағында әртүрлі деңгейдегі Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген сирек түр- барыстың қорыққа бірнеше рет кіруі байқалды. Қорық ормандарында сілеусін кездеседі.

Марал мен елік - Марқакөл ормандарына тән тұяқты жануарлар. Бұрын құрып бітудің алдында қалған бұл түр қорық пайда болғаннан бері көптеп кездеседі. Бұрын маралдар мен еліктер қыс кезінде қара аз Қара-Қоба аудандарына және Қытайға қоныс аударып кететін, ал кейінгі жылдары қорықтың өзінде қыстап қалатындардың саны артып келеді. Кейінгі жылдары қорық аумағында бұландар да тұракты мекендейді. Бұланның негізгі мекендеу аймағы Тополевка мен Жирен Байтал өзендерінің айырығындағы батпақты ормандар. Зайсан қазаншұңқырынан қабандар да жазда көбінесе көлге келеді. Сібір тау ешкілері (таутеке) Күршім тау жоталарының Ақсу- Бас және Торғауыс тауларының жартасты және шатқалды аудандарын мекендейді.

Қорықтың орнитофаунасы (құстар әлемі) да бай және сан алуан. Барлық Оңтүстік Алтайда құстардың 280 түрі байқалса, оның 248- і қорық аумағында кездеседі. Қазіргі уақытта 143 түр қорықта ұялайды. Қоныс аударушылардың қатарына 143 түр жатады. Марқакөл көлі әрқашан өзінің суда жүзетін құстарының молдығымен танымал болатын. Бұрын ұя салатын құстардың ішінен 8 түр қазір жоғалып кетті, олар: сұңқылдақ аққу, сұр қаз, қырманқаз, сутартар, ақбас тырна, өзен қарқылдақ шағаласы, лашын, ақыық субұркіт.

Сирақтылардың ішінен қазіргі кезде көлде тек ғана қара дегелек ұя салады. Қеккүтан мен үлкен аққұтан ұялаудан кейінгі қоныс аударулар кезінде ғана пайда болады. Қара қаздың (сүкүзғын) саны әжептәуір. Батпақты жағалауларда үлкен тырна ұя салады, шәүкілдек мекендейді. Шалшықшы құс кең тараған, көлде оның 26 түрі мекендейді. Олардың ішінен жартысына жуығы ұя салады. Шағалалардан көлге кіші және қара қарқылдақ шағала, көкшіл сұр шағала ұшып келеді, күміс шағала жиі кездеседі.

Қазақстан фаунасындағы әдемі түрлердің бірі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген қарабас өгіз шағаланы үнемі кездестіруге болады. Өгіз шағала көлде ұяламайды, бірақ жаз кезінде көл аумағында жас балапан өгіз шағалалар жүреді. Кептерлерден үлкен түркептер (орман кептері), көк кептер мен құз кептерікездеседі. Құз кептері анағұрлым сирек. Қорықта тауықтекестердің 8 түрі мекендейді. Әдетте құр, санырау құр, бөдене жиі кездеседі. Сұр шіл мен сұр құр сирек. Тауда тундра шілі мен ақ шіл өмір сүреді. Құршім жотасының су айырықтарында Қызыл кітапқа енгізілген түр- алтай ұлары немесе тау құркетауығы кездеседі. Марқакөл қазаншұңқырында құзде таулардың далалы жартасты беткейлерінде кішкентай үйір-үйірлерімен жүрген кекіліктерге тап болуга болады.

Жыртқыш құстардың қорық аймағында 24 түрі байқалады, оның ішінде 11 түрі ұя салады. Бұлар-жағалтай, қүйкентай, бөктегі, қарақұс (кезқұйрық), аққұйрық субұркіт, бұркіт, жамансары, аражегіш, балықшы түйғын, қаршыға және қырғи. Ұя салатындардан лашын- сұңқар, ақыық субұркіт жоғалып кетті. Қорықта үкі, маубас жапалақ, құлақты және саз жапалақ,

орман байғызы, орал жапалағы, қаршыға- жапалақ ұя салады. Анда-санда кіп- кішкентай торғай байғызды кездестіруге болады. Кәдімгі және саңырау көек, бәбісек, тентеккүс кездеседі, қара және ұш саусақты тоқылдақ, боз тоқылдақ және дүпілдек кездеседі. Қия жартастарда ұзын қанат қарлығаштар тізіліп отырады. Қорықта торғай тәрізділердің 106 түрі мекендейді. Қорықта сондай- ақ өзінің оңтүстік- батыс тарапу шегінде алтай ұлары кездеседі.

Марқақөл көлі - қазірге дейін әлемнің ең таза су қоймаларының бірі. Оның таза сұнының деңгейі 5-9 метрге дейін барады. Суда хлорлы органикалық пестицидтер мүлдем жоқ деуге болады. Көл жағалауларында қазіргі кезде мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың болуы корықтың қорғалу аймақтарындағы уылдырық шашатын өзендердің аммиак қосындылары мен автоколіктердің жанаржағар май материалдарымен (көктемде және күзде фермер шаруашылықтарынан тау өзендеріне лас сулар ағып құйылады) ластануына әкеп соғады. Бұл тек қана уылдырықтамаларға ғана емес көлдің таза сұнина да қауіпті.

Қорықтың табиғат кешенінің табиги дамуына қорық шекарасына жақын орналасқан фермерлік және ауыл шаруашылық қызметтері қауіп төндіреді. Қорық қызметкерлері уылдырық шашылатын негізгі көлдерді қорғау үшін іс жүзінде көп жұмыстар атқарады, бірақ өкінішке орай бұл жұмыстар үнемі жемісті болмайды. Жыл сайын мамыр айларында сібір майқаны мен хариус уылдырық шашатын өзендерде қорықшы постары ұйымдастырылады, қорықтың аз адамнан тұратын негізігі штатына көмектесу үшін жедел бригадалар мен топтардың кезекшілігі жүргізіледі. Қорыққа кіретін жолдар үнемі бақыланады. Сонда да бұл шаралардың өзі уылдырықтамаларды браконьерліктен толығымен қорғай алмайды. Қорық қызметкерлері маралдар мен еліктердің тұрақты мекен ететін жерлерінде сортантар мен стандартты оттықтар (кормушки) жасайды. Қыс кездерінде жануарларды үстеп қоректендірі үшін шөп дайындалады.

Жәндік қоректі құстарды, сусылдақ үйректерді және бейнеарық үйректерді қолдан жасалған ұяларға қоныстандыру

бойынша әртүрлі іс-шаралар жүргізіледі. Қорықта ұнемі жергілікті тұрғындарды экологиялық тәрбиеуге бағытталған үгіт-насигат жұмыстары кеңінен жүргізіледі. Ұнемі әртүрлі басылымдарда қоршаған ортаны қорғау аспектілеріне, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктер әлемінің сирек және құрып бара жатқан өкілдерін сақтауға арналған ғылыми-көшілік мақалалар жарияланады.

Қорықтың 1980 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатқан табиғат мұражайында оқушыларға және туристерге, Уранхайка ауылының тұрғындарына лекциялар оқылады, әңгімелесулер жүргізіледі. Бұрын жыл сайын қорықта 500-600 адам келсе, кейінгі жылдары қорық қызметкерлеріне байланысты емес себептермен бұл сан анағұрлым азайып кетті.

Қорық қызметкерлері жүргізетін табиғат қорғау кешенінің жұмыстары Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің толығымен қоргалуын қамтамасыз ете алмайды. Қорық маңайында қорық режимін, яғни қаумалдық режимдегі аймак құрудың уақыты келген сияқты. Тек сонда ғана көл бассейнінің бірегей табиғат кешенін сақтауға болады, оның экосистемасының табиғи дамуы қамтамасыз етіледі және сонда ғана көл бай оңтүстік алтай табиғатының этолоны бола алады.

Марқакөл көлін осы аймақтың інжу-маржаны деп атаяуға болады. Сарқырамада орналасқан ол оңтүстігінде Күршім тауымен, солтүстігінде Азутау тауымен шектеледі. Көлдің ұзындығы 38 км, ені 19 км және тереңдігі 27м. Оған 27 өзен құяды, тек Қалжыр өзені ғана көлден ағып шығады. Марқакөл суы мұнтаздай таза және жұмсақ болғанымен балыққа бай. Марқакөл көлі Қазақстандағы осы балық түрлерінің отаны деуге әбден болады. Жартасты тауларда негізінен жапырақты және шыршалы ағаштар өседі. Көркем жартасты таулардың көп бөлігі май қарагай орманына толы.

Биік таулардың баурайы медициналық дәрүлік қасиеті бар шөпке бай (алтын және марал түбірі, бергения, т.б.). Фаунасы түрлі және мол. Ағаштар арасынан қоңыр аюларды, бұғыларды, түлкілерді, жабайы мысықтарды, маралдарды, құндыздарды, бүркітті, сирек кездесетін қызыл қасқыр, қара ләйлектерді, сұрғылт шағалаларды және басқаларын көруге болады.

Көл маңының табигат көркіне көз тұнады. Айдын көл жағасынан тауға көтерілген сайын дала, орманды - дала, субалпі және альпі белдеулеріне тән өсімдіктер кездестіруге болады. Субъалпі мен альпі белдеуі шабындыққа бай. Әсіресе көктемде өсімдіктер алуан түсті болып гүлдеген кезде бұл өнірдің сұлұлығына көз тоймайды. Тау етектері мен өзендер бойында қайың, көктерек және теректер өседі.

Одан жоғарырақ қыраттада қылқан жапыракты орман бой түзеген. Онда майқарагай мен шырша көз тұндырады. Олардан биігірек тау жоталарын балқарагайлы орман алып жатыр. Мұнда мүк, қына, алтай тырбақ қайыңы да кездеседі. Жалпы алғанда, қорықта өсімдіктердің алуан түрлері таралған. Тіпті орманның өзінің 19 түрі кездеседі еken. Әсіресе бұл табигат лабораториясының балқарагайлы орманының өсу жағдайын, оның көлемін ұлғайту мәселесін шешуге ролі күшті болмақ.

Қорық жерінде 1000-нан астам өсімдік түрлері, балықтың 4 түрі, қосмекенділердің - 3, жорғаулаушылардың - 6, құстардың - 250-ге жуық, ал сүткоректілердің 50 түрі кездеседі. Сирек кездесетін жануаралардан ілбіс, қоңыр аю, сілеусін, камшат, қара дегелек, алтай ұрылары, ақбас тырна, көкек, ондатр, жапалақ, аю, елік, бұлғын т.б. тіршілік етеді. Шырша, балқарагай өсken орманда қанаттылардан көп кездесетіні меніреу құр. Тәулігіне орман ішін аралаған адамға 20-30 құр кездестіруге болады. Көлде аққу да бар.

Көлде жүзген балықтардың негізгі төрт түрін атап өтуге болады. Солардың бірі- албырттар тұқымына жататын майқан немесе қаяз балығы. Дене түркы - 46-70 см., шоғырланбай бытырап жүріп тіршілік ететін балық. Мұндағы хариуста- тұзы су балығы. Марқакөлде олар мұз ерісімен уылдырық шашып көбейеді. Дене түркы 20-30 см., салмагы-450 грамдай, омыртқасыз жәндіктермен қоректенеді. Дене пішіні 7-30 см., салмагы 250-300 грамдай болатын теңге балық (пескарь) та осында тіршілік етеді. Уылдырығын мамыр - маусым айында шашады. Бұрынырақ Марқакөлден талма (голец) көбірек ауланатын, кәсіптік маңызы бар балық болатын. Оның дене түркы-33-75 см. Соңғы жылдары бұл балықтардың қоры азайып отыр.

3.7 Наурызым қорығы

Наурызым қорығы 1931 жылы Қостанай облысының Наурызым және Әулиекөл аудандарында құрылған.

Қорық 1966 жылы ауданы ықшамдалып (87,7 мың га) қайта құрылды. Оған Тірсек (көлемі 4,7 мың га), Сыпсың (көлемі 7 мың га) және Наурызым (көлемі 37,2 мың га) орман алқаптары мен Жаркөл, Ақсат, Сарымойын көлдері енеді. Олардың үлесіне бетегелі-жусанды 5 мың гектар тың жазық дала кіреді. Қорық орналасқан аумақтың климаты континенттік; қысы - суық, ызгарлы; жазы - ыстық. Жылдық жауын-шашын мөлшері 200 - 250 мм. Топырағы құмайтты. Мұнда жоғары сатыдағы өсімдіктердің 700-ге жуық түрі (қарағай, қайың, көктерек, тобылғы, тал, мойыл, қырыққұлақ, т.б.) өседі. Қорық жан-жануарлар дүниесіне де бай: сүтқоректілердің 40-тан астам, құстардың 250-дей, қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың 3 және балықтардың 10-ға жуық түрлері тіршілік етеді. Сондай-ақ, ор қоян, елік, борсық, түлкі, суыр, т.б. мекендейді. Қорықтан аққу, безгелдек, дуадақ, ақ сұңқар, тарғак сияқты саны жылдан жылға азайып бара жатқан құстарды кездестіруге болады. Бұл аймақта су көздерінің мол болуы көктемде жыл құстарының ұшып келуіне, ұя салуына мүмкіндік береді.

Наурызым қорығы - республиканың солтүстігінің басты және біртума табиғи кереметтерінің бірі. Қарағай ормандардың ғажайып сұлулығы еліктіреді, бірде күн шуағымен күмістей жылтыраған ағаштар, бірде оларды күнгірт басып алакөлеңкеге айналады. Тұмса жайлауды көктемде көкжиекке дейін таңғажайып гүлденген кілем басады, ал мамыр айында оның бетінде Шренк лалагүлдері пайда болады. Сонадайdan меруерттей үлкен және шағын айнакөлдер толқынданып, күмістей жарқырайды. Галымдар тілімен айтқанда: жайлаулы Қазақстанның табигат кешендерінің эталоны. Немесе: орман, жайлау және су-батпақ ландшафтaryның бірегей үйлесімі.

Наурызым қорығының эмблемасы - акқу. Алайда қорықтың символы бүркіт те бола алар еді - мұнда олардың 30 жұбы мекен етеді. Қорықтың ең әсем аңдары, Наурызым орманының көркі - еліктер. Аумақтың қарагайлы ормандарын ескіден қалған деп санауга болады, себебі олар үшінші немесе төртінші кезеңнің басынан бастап аз өзгерген қалпында қалған. Ерекше түрі қырғыз аққайындары - Солтүстік Қазақстан эндемикі. Ол территорияның шағын ғана бөлігінде өсіп, әлемнің ешбір жерінде кездеспейді.

Қорықтың бірегейлігі - оның су-батпақты жерлері құстардың ең мықты миграциялық маршруттарында орналасқандығы және көші-қон құстардың патшалығы болып табылатындығы. Жұздеген мың артика қаздары, үйректері, тырналары, балшықшылары және өзге де құстар көктемде және әсіресе күзде көлге ұшып келеді. Олардың арасында көптеген жайылып бара жатқан түрлері бар.

Наурызым қорығы ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілген. Шетел ғалымдары қорықтың бірегей табиғатын зерттеуге үлкен қызығушылық танытып отыр.

Наурызым тағдыры оңай болған жоқ: 1951 жылы қорық қатардағы орман шаруашылығына айналып, ондағы ағаштар аяусыз кесіле бастады. Соңан соң ол қорықтық-аңшылық шаруашылығы болып, жан-жануарлар өміріне қауіп төнді. Қорық табиғи орманды жалмап өткен үлкен өртті де, жоғарыдан түсірілген шөп шабу жоспарларын да, жиырма жылға созылған қарагайлардың өнеркәсіп мақсатына қолдан отыргызу науқандарын да басынан өткерді. Соның салдарынан табиғи орман өсken алқаптар көлемі мүлде азайып қалды.


Онан соң қорық аумагын химиялық өндіре жұмыстарына тыйым салынды, бұл жерде бұрынғыдай аудандық атқару комитетінің тапсырмасы бойынша шөп шабу тоқтатылды, браконьерлермен күрес басталды. «Наурызым» атты қоғамдық-экологиялық бірлестік құрылышп, оның атынан хаттар жазылып, басшылар алдында проблемалық мәселелер қойылды, атап айтқанда, қорық аумагын кеңейту талап етілді. Соның арқасында 2004 жылы үкіметтің Наурызым қорығын 103 мың гектарға кеңейту туралы қаулысы қабылданды. Қаржыландыру

жұмыстары жақсарды, күзет күшейтілді, ғылыми жұмыстар жүргізіледі.

Қорыққа толық сипаттама беретін бірнеше деректер көлтіре кетелік. Онда өсімдіктің 687 түрі өседі, ал бұл - далалық аймақтық орташа көрсеткішінен үш есе көп. Қорықтың ең ірі орманды алқабы - 16 мың гектар жерді алып жатқан Науырзым орманында - қарагайлар дала сілемдерімен, қоңтеген сорлармен, қайың және қектерек тогайларымен араласып жатыр. Бұл басқан қайың орманы арасында қырыққұлақ өседі. Енді жануарлар әлеміне келейік. Қорық аумағында омыртқалы жануарлардың 342 түрі тіркелген. Аңдардың 44 түрі, құстардың 282 түрі, бауырымен жорғалағыштар және қос мекенділердің әрқайсысының үш түрінен және балықтардың 10 түрі мекендейді. Бұл жерде құйтақандай тиін - телеутка мен еңгезердей бұғыларды да кездестіруге болады.

Қорықта жыртқыш құстардың бірегей қауымдастығы - 26 түрі мекендейді. Олардың 16 түрі осы жерде ұя салып, балапандарын қанаттандырады. Негізінен олар - бүркіттер, қарақұстар, ителгілер, әк құйрықты ақиықтар, дала қырандары мен құладындар

Науырзым мемлекеттік табиги қорығы Орталық Азияда бірінші болып ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік табиги мұра мәртебесін алған Қазақстандағы қос қорықтың бірі. Қорықтар бір географиялық аймақта және суда жүзетін құстардың көшу жолында жатқандықтан «Сарыарқа - Солтүстік Қазақстан даласы мен көлдері» атты жалпы атаумен бір аталымға біріктірілген. Нысандарға берілген мәртебе аталған табиғат кешендерінің тұтастығы мен сақталуына қосымша кепілдіктер береді, аумақтың беделін арттырады және нысандарды ұстауга қажетті қаржы құралдарын тартуға, соның ішінде Бүкіләлемдік мұралар қорынан қаржы бөлінуіне ықпал етеді.



Наурызым қорығындағы релкті қарагайлар

3.8 Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы 1984 жылдың 12 шілдесінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің № 294 қаулысымен ұйымдастырылған.

Үстірт қорығы – Қазақстанның Батыс өніріндегі жалғыз қорық. 1984 жылы ұйымдастырылған қорықтың негізгі мақсаты - шөл зонасының табиғат кешенін табиғи түрінде сақтап қалу. Үстірт мемлекеттік табиғи қорығында ландшафтың алушан түрі кездеседі. Қорықта қорғау, ғылым, ақпарат және мониторинг экологиялық ағарту және туризм бөлімі, табиғат мұражайы және есеп бөлімі жұмыс жасайды. Үстірт қорығының ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің аға, кіші, ғылыми қызыметкерлері бекітілген тақырыптар бойынша ғылыми - зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Қорық аумағында мекендейтін аң - құстарды, өсімдіктердің дамуын зерттеу, олардың өсіп өнуін үнемі қадағалай отырып, бір жүйеге келтіру тізімдеп, талдап, қорғау жұмыстарын

ұйымдастыруға ғылыми негіз жасау қорықтың ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің негізгі атқаратын жұмыстары.

Қорық республикалық маңызы бар табигат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ең жоғары санатына жатады. Ұйымдастырылу мақсаты қорық аумағындағы табиғи процестер мен құбылыстардың табиғи барысын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі обьектілерін, өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген түрлері мен қауымдастықтарын, әдеттегі және бірегей экологиялық жүйелерді сақтау мен зерделеу және оларды қалпына келтіру болып табылады.

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы Маңғыстау облысының Қарақия ауданында 223,342 гектар аумақты алғып жатыр. Өзінің құқықтық қорғау режиміне сәйкес, қорықтық және қүзетілетін өнірлерге бөлінеді. Үстірт қорығы Қарақия ауданының шығыс бетінде,

Батыс Үстірт жонының Қараган босаға, Көкесем, Кендірлі, Елшібек сияқты ұшпа шындары мен жарқабақты таулары және Қарынжарық құмымен Саккорка құмын жағалай орналасқан. Үстірт шындарының бедері алушан түрлі. Олар Кендірлі сорын үш жағынан қоршай жиектеп, тік құлама жарлы болып келеді.

Кендірлі сорын қоршаған таға пішіндес бірнеше ғажайып қыраттар ғасырлар бойы жел, су эрозиясына ұшырап, қатты өзгерген. Сыртынан қараганда, табигаттың өзі салған керемет бір құрылышқа ұқсайды: мұнда пышақ кескендей тік, биіктігі 200 мден астам құлама жартастар, төбелері теп-тегіс не конус тәрізді мұнара сияқты төмпешіктер, ежелгі геологиялық дәүірлер күесі — ақ, көк, қызыл қабаттардан тұратын, үстінде біздей қондырғылары бар ұлутас тәрізді “қамалдар” да жеткілікті. Сондай-ақ қорықта ерекше бір қақпалар, аса үлкен емес қос тесікті үңгірлер, диаметр 5 м-дей домалақ тастары бар аландар да көп.

Бұрын теңіз түбі болған Үстірттег ежелгі заман жануарларының қалдықтары (мысалы, мүйіз сауыт, сүйек, тіс, олардың іздері), алғашқы адамдар пайдаланған қару-жаракттар табылған. Мұнда жануарлар мекендеген қоршаулар да кездеседі.

Жер бедері мен топырағының әртүрлі болуына байланысты, қорыктың өсімдіктер дүниесі де сан алуан болып келеді. Қазіргі уақытта қорық аумагында өсімдіктің 336 түрі, сұткоректілердің 29 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 15 түрі, құстардың 166 түрі, қос мекенділердің 1 түрі кездеседі. Соның ішінде Қызыл Кітапқа енгендер: өсімдіктерден – бор рияны, кәдімгі жұмсақ жеміс, хиуа сораңы, майда қатыран, берік сұттіген; құстардан – бұркіт, жұртшы, ителгі, үкі, жорға дуадақ, лашын, қарабауыр бұлдырық, дала қыраны, қарабай, жылан жегіш қыран, қарақұс, қоқиқаз, сұр тырна, сақалтай, қылаң қарабас шағала, қылқұйрық бұлдырық, жалбагай, кішкене аққұтан; бауырымен жорғалаушылардан – төрт жолақты қаращұбар жылан; сұткоректілерден – арқар, қарақұйрық, қарақұлақ, сабаншы, итаю, шұбар күзен, шағыл мысығы, ақбауыр жарқанат.

Қорық аумагында табиги – тарихи ескерткіштер көп кездеседі. Географиялық орналасуына, геологиялық құрылымына қарай ерекше жаратылған Қарамая тауы мен Көкесем шатқалдары – басқа еш жерде қайталанбайтын құбылыстар.

Қарамая – түсіне және орналасу пішініне қарай аталған, шығыстан батысқа қарай созылып жатқан тау жоталарының атауы. Зерттеушілердің пікірінше ежелгі мұхит түбіндегі вулкандық жарылыстардың әсерінен түзілген. Тау жыныстары мен топырақ жамылғысының айналасынан өзгешелігі – бұл пікірді растай түседі.

Аluan түсті Kөkесем шатқалдары – қорық аумагындағы тұщы су көздері бар, табигаты әсем, ерекше түзілімді мекен атауы. Үстірт жонының батысқа еңкіштей құлаған, қатты тілімденген шатқал сайлары – тау табигатын ажарландырып түр. Шың етегінде Kөkесем тұщы су бұлағы және шың басында Kөkесем құдығы бар. Суының дәмділігіне байланысты «Ойда талақ, қырда Kөkесем» деп айттылатын аңыз ауыз екі тілде ұмытылмай келеді.

Тарихи ескерткіштерден – Балуанияз, Kөkесем қорымы және әлі зерттелмеген Табан - Ата деп аталып жүрген ескі қорым тіркелген.

Балуанияз - XIX ғасыр Маңғыстау адайлары мен түрікмен тайпалары, Хиуалықтардың арасындағы соғыстарда ерекше көзге

түсken, Балықshы руynың batыр атағын алған тұлғa. Ескі атаулары Қалмақ үйген, Қараоба (Қалмақ үйген Қараоба болуы да мүмкіn) деп аталатын төбенің басына жерленген. Қазіr бұл төбе batыr атымен аталады.

Көкесем қорымы - Көкесем құдығынан шығысқa қaрай 1 км. жердегi төбе басында орналасқan. X ғасыр ескерткіштерінен басталатын 200 – ге тарта нысандар тіркелген. Мемлекеттіk қорғaуғa алынғan, зерттеуді қажет етеді.

3.9 Қаратau қорығы

Қаратau қорығы – Оңтүстіk Қазақстан облысы аумағындағы Қаратau жотасының орталық бөлігінде, Кентауқаласынан 17 км жерде орналасқan мемлекеттіk қорық. Онда өсетін сирек кездесетін және эндемиктүрлерінің саны жағынан Қазақстанда бірінші орында. Қаратau қорығы 2004 жылы құрылғan, аумағы 34,3 мың га.

Қорық жері айналасында орналасқan Мойынқұм шөлдерімен және Бетпақдала өнірімен шектеседі. Қорықтың солтүстік-шығысында Созақ ауданы бар, батысында Баялдыр және Түйетас, оңтүстігінен Талдыбұлақ, ал ұзына бойына Жыңғылышқ өзендері ағып өтіп, Қарағаш тау жотасына ұласады. Қорықтың солтүстік шекарасында Бессаз тауы (теніz деңгейінен 2176 м) орналасқan. Жер бедерінің айрықша ерекшелігі - өзіндік қатпарлары болуы. Девон дәуіріндегi әктастың сирек, ал палеозойда тас көmір кезеңіндегi шөгінді жыныстардың көп болуы тәn. Қорық аймагы ерте кезден бастап-ақ адамдардың тіршілік етуіне қолайлы аймақ болғандығы ондағы тас, қола және темір дәуірлерінен қалған мәдени ескерткіштерден (тасқa салынғan суреттер, адам тұрақтары, т.б.) айқын байқалады. Табигат құйған ғажайып тас мүсіндер (Түйетас, Хантағы, Кемпіртас, т.б) ерекше көз тартады.

Ауa райы континенттіk климат, құргaқ. Жылдық орташа температурасы 8-12°C (қантардағы орташа температура -5°C, шілдедегi орташа температура 27°C). Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 400 mm шамасында, таудың жоғары бөлігінде 500

мм, жекелеген жерлерде 700 мм. Қардың қалындығы 20-30 см, желдің орташа жылдамдығы 3-4 м/с.

Қаратай қорығының аласа таулы бөлігі таулы-жусанды белдеуді, ал орта таулы бөлігі дала белдеуін алып жатыр. Жусанды белдеуде қадімгі сұр топырақ, дала белдеуінде таудың қоңыр және қара топырағы қалыптасқан. Тек Бессаз тауында ғана түрлі субальпі шөптері өсken таудың өзіндік шалғынды-далалы топырағы, ал өзен жағалауы жайылmasында орманды-шалғынды топырақ кездеседі.

Тауда қаратай жусаны басым. Сондай-ақ тікенекті шөптер және шала бұталар мен бұташықтардан кемпіршөп, сeten, көбенқұйрық, Регель тарбақайы, Қаратай маралтамыры, Қаратай жыланбасы, Қаратай кекіресі, Қаратай қауы, Қаратай томағашөбі, Грэйг қызғалдағы, т.б. эндемик болып саналады. Ал Қаратай қорығының Берікқара шатқалында ғана өсетін Берікқара терегі – өте сирек кездесетін эндемик, реликт түр болғандықтан қорғауга алынып, Халықаралық табиғатты және табиги қорларды қорғау одағының Қызыл кітabyна енгізілген. Жапырағы түсетең бұталар тогайы аз аумақты алып жатыр, олар беткейдің ойысты жерлерінде және шатқал табанына бейімделген. Өзен жағалауын бойлай созылған тогайларда түркістан доланасы, тұт, Сиверс алмасы, Семенов үйенкісі кездеседі. Қорықта өсетін 1600 өсімдік түрінің 62-сі эндемик, 52-сі Қазақстанның Қызыл кітabyна енгізілген.

Құстардың 118 түрі бар, Қызыл кітапқа енгізілген жыртқыш құстардан ителгі, бүркіт, жұртшы, бақалтақ қыран, жыланшы мен сақалтай; қосмекенділерден сарыбауыр қарашибар жылан мекендейді. Қосмекенділерден барлық жерлерде жасыл құрбақа басым, көлбақа сирек кездеседі. Сонымен қатар "Қызыл кітапқа" енгізілген сұтқоректілердің 3 түрі (қаратай арқары, үнді жайрасы, тас сусары) осында қоргалады.

ПАЙДАЛАНГАН ӨДЕБИЕТТЕР

1. Аксу-Жабаглы заповедник // Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. — Т. I.
2. «Қазақстан»: Үлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев — Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998
3. Алакольский заповедник // Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. — Т. I.
4. Алматинский заповедник// Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. — Т. I.
5. Жетісүй энциклопедиясы. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2004 ж. — 712 бет.
6. «Қазақстан»: Үлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев — Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.
7. Қазақстан табигаты: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ә.Жақып. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2011. Т.3. - 304 бет.
8. Қазақ тілі терминдерінің салалық гылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табигат қорғау / А.Қ. Құсайынов. — Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. — 456 бет.
9. Бринчук М.М. Экологическое право. М.: Юрист, 2002.
10. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. Л.: Гидрометеоиздат, 1990.
11. Дроздов А.В. Как развивать туризм в национальных парках России. М.: Экологопросветительский центр «Заповедники», 2000.
12. Заповедники Средней Азии и Казахстана / В.Е. Соколова, Е.Е. Сыровечковский. — Москва «Мысль», 1990. — 399 с.
13. Забелина Н.М., Исаева-Петрова Л.С., Кулешова Л.В. Заповедники и национальные парки России. М.: Плогота, 1998.
14. Зорин КВ., Зорин А.И. Азбука для туроператора. Актуальные проблемы туризма-99 // Сб. докладов и тезисов сообщений научно-практической конференции. Можайск, 15 декабря 1999. М.: РМАТ, 1999. С. 27-58.
15. Иващенко А.А. Қазақстанның қорықтары мен үлттық бақтары. — Алматы: «Алматылқітап», 2009. — 284 б.
16. Ильина Е.Н. Туроперейтинг: организация деятельности. М.: Финансы и статистика, 2002.
17. Казбеков А.; Сагадиев К. Национальный природный парк «Кокшетай» — Изд-во «Кокшетай-Полиграфия», 2002 г. — 160 с.
18. Колбовский Е. Ю. Экологический туризм и экология туризма — М: Академия, 2011. — 256 с.
19. Косолапов А.Б. Теория и практика экологического туризма: учебное пособие — М.: КНОРУС, 2005. — 240 с.
20. Ледовских Е.Ю., Н.В. Моралева, А.В. Дроздова. Экотуризм на пути в Россию. Принципы, рекомендации, российский и зарубежный опыт — Тула: Гриф и К, 2002.

21. Люкшандерль Л. Спасите Альпы: Сад на крыше Европы в опасности. Перевод (сокращенный) с немецкого. Послесловие Г.И. Анохина. М.: Прогресс 1987г. 167 с.
22. Медоуз Донелла, Медоуз Денис, Рандерс Йорген. За пределами роста. М.: Прогресс/ Пангея, 1994.
23. Мырзабеков Ж.М., Особо охраняемые природные территории Казахстана, Алматы, 2000.
24. Наше общее будущее: Доклад Международной комиссии по окружающей среде и развитию. М.: Прогресс, 1989.
25. Наурзум // Жемчужины Казахстана / Сост. Макашев А. Т. — Алма-Ата: Кайнар, 1983. — С. 346. — 384 с.
26. Об утверждении перечня особо охраняемых природных территорий республиканского значения Постановление Правительства Республики Казахстан от 10 ноября 2006 года N 1074 Казахстанская правда" от 11 ноября 2006 года N 246 (25217)
27. Об утверждении перечня особо охраняемых природных территорий республиканского значения. Постановление Правительства Республики Казахстан от 10 ноября 2006 года N 1074 «Казахстанская правда» от 11 ноября 2006 года N 246 (25217)
28. Петров К.М. Экология человека и культуры: Учебное пособие. Спб., 1999.
29. Постановление правительства Республики Казахстан «О создании государственного учреждения «Государственный национальный природный парк «Колсай көлдері» Комитета лесного и охотничьего хозяйства Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан» (рус.). Проверено 25 августа 2009. Архивировано из первоисточника 25 марта 2012.
30. Сатимбеков Рысбай. Биология учебник для 11 кл.. — Алматы: «Мектеп», 2007. — С. 192-193. — 224 с.
31. Сергеева Т.К. Экологический туризм. М.: Финансы и статистика, 2004.
32. Стасюкас В. П. Градостроительная организация районов и центров отдыха. Л.: Стройиздат, 1977.
33. Филин В. А. Видеоэкология. М.: Тасс-Реклама, 1997.
34. Чижова В.П. Школа природы. Экологическое образование в охраняемых природных территориях. М., 1997.
35. Чижова В.П., Прывгунова И.Л. Рекреация и заповедное дело: итоги и перспективы взаимодействия: Учебное пособие. Минск: ДОЛ-ПРИНТ, 2004.
36. Храбовченко В. В. Экологический туризм. Учебно-методическое пособие. — М: Финансы и статистика, 2004 — 208 с.

КАЛЕНОВА С.А.
АЛИАСКАРОВ Г.С.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМІ

Компьютерде беттеген **Ақылова А.Т.**
Мұқаба дизайнери **Ақылова А.Т.**

Басуға 23.12.2016 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84¹/₁₆.
Баспа табағы 6,12. Шартты баспа табағы 5,6.
Есептік баспа табағы 4,6. Офсеттік басылым.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс 3/167-16.

«Экономика» баспасы» ЖШС
050063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81-үй